

65,94 9438 РБ
III 12

ШӘКӘРІМ



АМАНАТ

Замана бұлбұлдары

ШӘКӨРІМ



АМАНАТ

әндер

Жинақты құрастырган және
әндерді нотага түсіріп,
баспаға әзірлеген
Талиға Бекхожина

- 10765 -
- 3210 -

4488
2

Алматы «Өнер» 1989

Пікір жазған *M. Magayin*

Шәкәрім.

Ш 34 Аманат: Әндер/ Құраст. Т. Бекхожина.— Алматы: Өнер, 1989.—128 бет.— (Замана бұлбұлдары).

Бұл жинаққа творчестволық өмір жолы жүртшылыққа әлі толықтай таныла койылған қазактың көрнекті философ ақыны, ғалым әрі композитор Шәкәрім Құдайбердиевтің тұнғыш рет жиналып, нотага түсірілген 16 әні енді. Сонымен катарап, композитор шығармаларының Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық лабораториясы корынан алғынған нұскалары да беріліп отыр.

Шәкәрім — Абайдың қайталанбас ән дәстүрін жалғастырып қана коймай, оны ары қарый дамыткан талантты композитор. Оның асем сазға толы сан қырлы тамаша әндерінен адамдық болмысы, өмірге көзқарасы, аскак арманы айқын көрінеді.

Кітап ән сүйер қауымға арналады.

В этом сборнике впервые собрана и воспроизведена в нотной записи часть музыкального наследия выдающегося казахского поэта, ученого, философа, композитора Шакарима Кудайбердиева (1858—1931), чье творчество долгое время вообще не издавалось и все еще недостаточно изучено. В издании представлены 16 его песен, отличающихся мелодичностью, интонационным многообразием. Кроме того редакция поместила в приложении нотные записи песен Шадринской казахской фольклорной лаборатории Алма-Атинской государственной консерватории.

Шакарим не только воспроизводит и успешно развивает песенную традицию великого Абая, но и пропагандирует в ладовом строje, интонационном движении и темпе выраженную индивидуальность.

Адресуется всем любителям национального искусства.

Ш 4905000000—116
409(05)89

ББК 85.319

ISBN 5-89840-156-3

© «Өнер» баспасы, 1989

АЛҒЫ СӨЗ

1966 жылдың февраль айында Қазақ ССР Фылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музика беліміне алпысты алқымдаған, үзын бойлы, тіп-тік, қара торы кісі келді. Ол кезде белім бастығы академик А. Жұбанов еді. Екеуі шүйіркелесіп біраз әнгімелескеннен кейін Ахмет Куанұлы мені қасына шақырып: «Мына кісі белгілі ақын Шәкәрімнің баласы. Сен осы кісі айтқан әндерді жазып ал, ноталарының бір данасын маган, екіншісін мына отырган Ахат ағана бер», — деді. Сейтіл, артына аса бай мұра қалдырган, гажайып дарын иесі Шәкәрім Құдайбердиевтің әндерін нотага түсіру бақыты менің үлесімे тиді.

Ахат Құдайбердиев композитордың он төрт әнін (13 әнін 1966 жыл, бір әнін 1968 жыл) магнитофон лентасына жаздырды. Мен олардың тональдық түрін сактай отырып нотага түсірдім. М. Әуезов музейінде де бұл әндерді пианинода ойнап, айттып бергенімде, Ахат ағай катты толқып, көзіне жас алды. Ризашылық білдіріп, алғыс айтты.

Ахат бұл әндерді Шәкәрімнің өзінен үйренген. Ол өзі де композитор болғандықтан, әндерді дәлме-дәл үйренгені даусыз. Сондықтан Ахат жаздырган үлгілерді негізгі нұска деуге келеді. Эрине, Шәкәрімнің өзінің шығыс нота жазуымен қағаз бетіне түсірген колжазбасы табылса, сөз басқаша болмак.

Осы орайда орындаушылық өнер ерекшелігіне байланысты бір жайды айта кеткен жөн. Орындаушылар көп қырлы фольклорлық туындыларды үйрену, игеру барысында өзінің таным-талғамына, айту мәнері мен шеберлігіне орай шыгармаға өзгерістер енгізеді. Айтуға ауыр сөздерді, шумактарды алмастырады. Кейде өздері де жеңіл, жүрдек әуен тауып немесе өздері өлеңге лайыкты сарын шыгарып айтады. Әдетте, жазба ақындардың дастандары үлгі-гибрат сөздерден немесе жырды кім шыгарғаны, мазмұны кайдан алынғапы туралы мағлұмат беретін бірнеше шумак өлеңдерден басталады. Орындаушылар көбінесе осы кіріспені айтпай, бірден

оқиға баяндалатын түстан бастап кетеді. Бұл эпикалық жыр айту дәстүрінің бір ерекшелігі болып табылады. Жырды кіріспеден бастап айту өте сирек, анда-санда ғана көзігеді. Сол сияқты қиссашилар Шәкәрім поэмаларының сөздерін өзгертуегенмен, кіріспесін алып таставтап айткан.

Шәкәрім әндерінің мән-мағынасы терен, формасы өзгеше, өлең құрылсызы құрделі болып келеді. Біздің бағымызға қарай, 1988 жылы «Жалын» баспаасынан жазушы-галым Мұхтар Мағауиннің дайындаудымен Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» атты кітабы шықты. Бұл жинақтағы өлеңдер текстологиялық тексеруден өткен, накты ғылыми текст болғандықтан, біз композитордың өлеңдерін атап шығарып бердік. Ал бұл жинаққа енбекен ән өлеңдерінің шумақтық негізін М. Мағауин ғылыми жүйеге салып, ретке келтіріп берді. Сол үшін біз жазушы-галымға өз тарапымыздан үлкен алғыс айтамыз.

Ақын поэмаларының да өз әуені бар. Оның бізге жеткен нұскалары — халық аузындағы ұлтілер. Поэмалар қолемді болғандықтан, нотага бастапқы 1, 2 шумағы ғана түсірілді. Бұлар Семей, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарының адамдарынан әр жылдары жазылды. Шәкәрімнің өмірі туралы маліметтер Ахат Құдайбердиневтің өз аузынан жазылып алышында. Ақынның творчество-лық өмірбаянын толық етіп жазуға бұл материалдар, әрине, аздық етті. Композитордың музыкалық шығармаларын түгелдей жинап, жан-жақты зерттеу ісі келешектің үлесі болмак.

КОМПОЗИТОР ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВ

Қазақ халқының аса көрнекті ақыны, ойшыл ғалымы Шәкәрім (Шәңкәрім) Құдайбердиев — әдеби мұраларынан басқа артына көптеген әндер қалдырган композитор. Ол 1858 жылы 24 июльде (ескіше 11 июльде) бұрынғы Семей уезінен қарасты Шыңғыстау болысының Кеңбұлақ деген жерінде дүниеге келді. Оның әкесі Құдайберді — Тобықты руын билеген ірі феодал Құнанбайдың баласы, ұлы ақын Абайдың ағасы. Шешесі — Қаракесек руынан шыққан Алда-берген есімді кісінің қызы. Аты — Төлебике. Ол өзінің қолының ашықтығымен, көпшілдігімен, қайырымдылығымен, дастарқанының молдығымен елдің ықылас-ілтипатына бөле-ніп, кейін келе Дәметкен атандып кеткен мейірімді жан болатын.

Шәкәрімнің ерекше ақылдылығы, дарындылығы 3—4 жасынан-ақ байкалады. Сол себепті әкесі оны бес жасында өз аулындағы молдаға арабша окуга береді. Окуга аса зерек бала көп кешікпей арабша, парсыша хат танып, кітап окуға жарайды. Өйткені Құнанбай аулында араб, парсы тіліне жүйрік, шығыс әдебиетін жақсы білетін адамдар болған. Ол кезде Құнанбай жылда қант-шай, өрік-мейіз, мата әкелуге Ташкентке керуен жібергенде араб, түрік, парсы, шағатай тілдерінде шығатын әдеби кітаптар мен лұғаттар алдырып отырады екен. Кейіннен Құнанбай балалары осы әдеб бойынша Семейден де орыс, казақ кітаптарын, газет-журналдарын алдырып тұрган.

1866 жылы 37 жасында Құдайберді дүниеден қайтады. Ол кезде Шәкәрім 7 жаста еді. Сол күннен бастап ол атасы Құнанбайдың қолында тәрбиеленеді. Алайда, оның шын қамқоршысы әкесінің інісі 20 жастагы Абай болады. Ол Шәкәрімнің білімін тереңдептесін тікелей өз қолына алады. Орысша жақсы сауаты бар Әнет руының адамы Мұрсейіт Бікеұлынан оқытады. Мұрсейіт Шәкәрімге орысша хат танытады. Ол кезде жер мәселесі жөнінен ауылға землемерлер көп шығады екен. Зерделі де алғыр бала соларға еріп жүріп, орысша жақсы сөйлейтін болады.

Кішкене інісінің музыкаға да аса бейімділігін ерте таныған Абай Карей руынан шыққан әйгілі домбырашы Біткенбайды өз аулында бір жыл ұстап, Шәкәрімге домбыра үйреттіреді. «Біткенбай күй тарихын жақсы биледі», — дег Абай бұл күйшіні жоғары бағалайды екен. Ол кісі болашак композиторға «Азамат Қожа», «Бұлаң жігіт», «Алшағырдың ашы қүйі», «Қорқыт», «Асан Қайғы», «Кертолғау», «Теріс-қақпай», «Бозінген», «Бозайғыр», «Саймактың сары өзені» тәрізді шертпе күйлерді, домбырадағы айтыс — «Сәдір — Қалшаны» аныз-әңгімелерімен коса үйретеді.

Шәкәрім үлкен жыны-тойларда сал-серілер салған ән, тартқан күйлерді естіп, ақындар айтысын тамашалайды. Ауылдарына жиі келетін ертекшілерді, киссашыларды тыңдалап, үлкендерден билер сезін (шешендік өнер) үғып, көкейіне тоқи береді. Есейе келе Семей қаласына келіп, скрипка, гармонь, шарманка сатып алады. Қаладағы бір орыс музыканын скрипка үйреніп қайтады.

Мұның бері оның білімге, ғылымға деген ынтасын арттыра түседі. Абай да үнемі қозғау салып, оны өлең, ән шыгаруға баулып, жетелеп отырады. Шәкәрім қазакша, орысша кітаптарды көп оқиды. Арабша, парсыша лұғаттарға үңіледі. Оның дүниетанымы, әдеби-музыкалық талғамы, эстетикалық көзқарасы Абайдың әсерімен прогрестік бағытта қалыптасады. Шәкәрім 14—15 жасында ән шығара бастайды. Оның алғашқы әндері жиналмаған, бірақ ел аудында сақталып қалғандары болуы ықтимал. Солардың ішінде «Қозықеш» деген әнінің болғаны айтылады. Баласы Ахаттың берген мәліметі бойынша Шәкәрім «Жастық» әнін 1879 жылы 21 жасында жана формада — Абайдың «Серіз аяқ» әнінің үлгісінде шығарған. Ахаттың айтуынша, «Серіз аяқ» үлгісін алғаш Шәкәрім шығарған көрінеді. Ал «Жиырма үш жасымда» әні 1881 жылы, «Насихат» әні 1911—1912 жылдар шамасында шыққан. «Ажалсыз эскер» әні де ертеректегі туындысы болуы керек. Өйткені, оның шығуна мұнандай жай себеп болған көрінеді. Бір күні Абай Шәкәрімді шакырып алып: «Осы қазақта алты, жеті, сегіз, он бір буынды шумактар бар. Тогыз, он, он екі буынды өлең шумагы болуы мүмкін бе? Ай, ондай болмайтын шығар», — дейді. Шәкәрім ертеңіне тогыз, он, он екі буынды өлеңге ән шығарып әкеleп Абайға тұндастады. Ол «Ажалсыз эскер» әні екен. Ал «Жылым — қой, жұлдызыым — июль» әнін 1918 жылы өзінің 60 жасқа толуына байланысты шығарған. Композитордың қалған тогыз әні 1925—1931 жылдардың жемісі болып табылады.

Зерделі суреткер айналасындағы өмір өзгерістерін жіті бақылат, өз шығармаларының музыкалық тілін де жаңа

интонациялармен байтып отырған. Ол әндерінде орыстың революциялық және қала әндерінің әуендерін (интонацияларын) кеңінен пайдаланған. Маселен, Шәкәрімнің «Сұраган жаңға салем айт» әнінің Совет өкіметі орнаған жылдары шыққан «Проводы» (музыкасы Д. Васильев-Буглайдікі, өлеңі Д. Бедныйдікі) әнімен сабактастығы айқын сезіледі. Композитор кейбір әндерін шығыс мақамдарының әуеніне лайықтап жазған.

Шәкәрім әндерінде қазак өлеңдеріне тән 6-7-8-11 буынды өлеңдер шумагымен қатар 9-10-12 буынды өлең жолдары жеке шумақ ретінде немесе бір шумақ өлең ішінде кезектесіп келіп отырады. Осыған байланысты әуенниң ауқымы созылып, яки қыскарып бүрынғы қазак әндері формасынан мұлдем өзгеше, жаңаша болып шығады. Шәкәрімнің шығармаларында қазак әндеріне тән дәстүрлі ай, ей, ахай, ой, сәүлем т. б. секілді қосымша сөздер кезікпейді, әуен мен өлең әрқашан бір-біріне дәлме-дал келіп үйлесіп тұрады.

Шәкәрімнің кейбір әндерінің екі түрлі өлеңі бар. Автор өзі солай айтуға рұқсат еткен бе немесе орындаушылар өздері үйлестіріп айтқан ба, ол арасы бізге белгісіз.

Ахаттың айтуынша, Шәкәрім «Ала байрак», «Бозторғай» атты құйлер де шығарған. Алайда, бұл арада түйінді пікір айту қын. Бұл құйлерді Шәкәрімнің өзі шығарды ма әлде ежелден келе жатқан халық құйлері ме, ол арасы белгісіз екенін айта кеткен жөн. Шәкәрім екі ішекті домбырамен қатар үш ішекті домбыраны да кеңінен қолданған.

Шәкәрім өнердің басқа түрлеріне де зер салған. Аса шешендік, тапқырлықпен талай шиеленіскең дауға билік айтқан. Ою-өрнек сыйып, тасқа бедер салған. Қашып бара жатқан түйені қуған қасқыр бейнесін тасқа қашап салған. Бойға қонымыд, ықшам, әдемі киім ұлғасын ойлап тауып, женгелеріне киім пішіп берген. Өзі домбыра, скрипка жасайтын шебер де болған. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы үстап, аңшылық, саятшылық құрган.

Бұл арада Шәкәрімді көрген белгілі этнограф Садық Қасимановтың естелігін келтіре кетуді жен көрдік. Ол кісі Шәкәрім туралы мынандай естелік айтқан еді.

«Мен өзім сол елдікі болғандықтан Шәкәрім қажыны арнайы іздел барып, бірнеше рет салем беріп, әңгіме тыңдаған адаммын. Ол кісінің әңгімелерінің кебі жаратылыс және «не жақсы, не жаман» деген тақырып төңірегіндеғі философиялық ойлар, болжамдар болып келуші еді.

Мен ол кездерде мұғалім едім. Сонда мені, әсіресе, қайран қалдырғаны Шәкәрімнің өлеңі мен сол өлеңдерінен шығарған өз әндері болатын. Мен Шәкәрімнің неше түрлі ағаштарды

таспалап алып, мандолина, скрипка жасап отырганын, киім пішіп, ою ойып отырганын көрдім. Бүркіттің тұлкі шайнаң кеткен саусағына қолдан болат шенгел жасап кигізуші еді.

Осы кезде Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа білмейтін адамдар Тобықты елінде кемде-кем болатын. Ал Шәкәрім әндерін тамаша орындаушылар Әбдіғали Алдажаров, Зікагил Абай-ұлы, Ракымжан Мамырқазов, Есбай Бекхожин, Зұлгарыш Әзімбаев, Жебрайыл Турағұлов, Әлмағамбет деген өнерпаз адамдар болды. Мен олардың орындаудыңда Шәкәрім әндерін тыңдадым. Шәкәрімнің үш ішектің домбырада ойнағанын көрдім, бірақ өзінің ән салғанын көре алмадым.

1924 жылы Жамбасқұдық деген жерде Шәкәрім өз әндерін Әбдіғалиға орындағып, оның орындау мәнеріне көптеген түзетулер, ескертпелер айтып отырганының куәсі болдым. Солардың кейбірі есімде қалыпты.

Ол кісі өз әнін орындау үшін домбыраның жоғарғы тұсынан қосымша тағы бір перне тағып берді. Сонымен қатар Әбдіғалиға: «Домбыраны шерткенде асықпа, жылдамдағып үра салма, тактайды бет алды тарсылдата берме, ән ауеніне қарай саусақтар да кербез, әсем қымылдауы керек. Әсіресе, үстінгі, үшінші ішектің сүйемелін орнымен пайдалан,— деді. Әбдіғали бет-аузын өте биязы үстап, азырақ тістеніп, сыздықтата бастап еді, Шәкәрім:

— Эбіш, сенің әннен гөрі өз бет-аузыңың әдемі көрінуін ойлаганың қалай? Олай етпе, бар әдемілікті айтып отырган әніңе қый, еркін отыр, бет-аузы, дene, қол қымылдарын ән ауенінің еркіне жібер. Тынысты кең ал, екі үрт пен ерінді тежей берме, орындаушы мүше солар фой,— деген сияқты ақыл-кенестер беріп отырды.

Қысқасы, Шәкәрім өте талғампаз, адам жаңымен сырласа білетін ақын, композитор әрі қол ісіне өте іскер адам еді,— деп еске алған еді Сәкен.

Шәкәрімнің «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек», «Ләйлі — Мәжнүн» (Физулиден), «Дубровский» (А. С. Пушкиннен) киссаларын ақын, жыршылар бүкіл қазақ, қарақалпак жеріне таратады. Бұл поэмалар батырлар жырының дәстүрлі әуендерімен айтылған, ал кейбір ақын, жыршылар өздері шығарған әуенмен де орындаған. Шалғайдағы туыстарына, қайын-жұрттына барғанда Шәкәрім касына ертекші, киссаларды ертіп жүрген. Мәселен, 1911 жылы Сыбанға барғанда момын адам деп Мұртаза қажыны және Үрсайдың Ысқағын (Шайбақ Ысқақ) апарған. Ол киссаларды өзі шығарған «Ысқақ сарын» аталып кеткен сарынмен айткан.

Композитордың әндерін, киссаларын айтушылар ішінен басқалардан шоқтығы биік, көпке танымал болған адамдардан әзірге бізге аттары мәлімі: Қабыш Керімқұлов, Рахымбай Битанов, Файса Төлебаев, Нұрмұхаммед Бейсембин. Қабыш Керімқұлов (Семей облысының Абай ауданынан) Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренген. Рахымбай Битанов ақынның аулында қойши болған. Ол Шәкәрімнің киссаларын, әсіресе, «Дубровскийді» жақсы айтқан. Ескі Семейден Файса Төлебаев, Нұрмұхаммед Бейсембин Шәкәрімнің «Қалкаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек», «Дубровский» киссаларын орындаушылар ретінде танымал болған. Олар алғашқы өнерлерін туған-тыстарының, көрші-көлемнің арасында ғана сарапқа салған. Келе-келе аттары қала жұртшылығының аузына ілініп, жиын-той оларсыз өтпейтін болған. Сейтіп, олар біртіндеп шебер орындаушылардың қатарына қосылады. Киссаларды музыка аспабының сүйемелінсіз айтқан. Атақты палуан Қажымұқан Нұрмұхаммед Бейсембінді тыңдауды аса ұнатқан екен. Семейде Шәкәрім қалаға барғанда түсетін үйдің иесі Кәшти деген әйел оның «Жастық» әнін өте шебер орындалап, аты мәлім болған.

Абай 1899 жылы Шәкәрімді шақырып алып: «Сен жассың, ел көр, жер көр, араб жеріне қажыға бар, соңан соң үлкен шығыс шаһарлары Медине, Мысыр, Стамбулды арала, ондағы дүние жүзіне белгілі кітапханаларға барып, гылыммен таныс, жол қаражатыңды мен берейін», — дейді. Шәкәрім бұл үзак жолға бірнеше жыл дайындалады. Араб тілі лұғаттарын қайта қарап, түрік, парсы тілдеріне де терең үніледі. Сол екі ортада оның Оспан, Шәке, Мағауия деген туыстары қайтыс болады. Абай бір оңаша қалған сәтте: «Шәкәрім, сен бақытсыз екенсің, туыстарың қайтыс болды, енді қажыға бармайтын шығарсың», — дейді. Шәкәрім: «Жок, мен барамын», — дейді. Абай: «Мен өлсем қайтесің?» — дегендеге, — Сіз өлсөніз де барамын. Мен сөзімді жүтпаймын», — деп жауап береді. Абай інісінің бұл сөзіне өте разы болып қалады. 1904 жылы Абай қайтыс болады. Шәкәрім туыстарының артын екі жыл күтіп, 1906 жылы жолға шығып, қажыға барады. Медине, Мысыр, Стамбул қалаларындағы кітапханаларға барып, көне қолжазбалармен танысады. Стамбулға бара жатқан сапарында он үш күн, қайтарында он үш күн токтайды. Шығыстың нота жазу өнерімен танысып, әндерді нотага түсіруді үйреніп қайтады. Баласы Ахаттың айтудынша, Шәкәрім өз әндерін сол шығыс нота жазуының улгісімен қағаз бетіне түсірген (олар әзірге табылған жок). Қайтып келе жатып жолда европалық философ ғалымдардың басылып шықкан ғылыми

еңбектерін сатып алады. Оларды Семей қаласында тұратын Энияр Молдабаевтың үйіне поча арқылы салып жібереді. Өзі ол сапарынан 1907 жылы оралады.

Шәкірімнің бұдан bylaiyғы өмірі тек шығармашылық пен ғылымның тұнығына терең бойлауга арналады. Кеңқоныс деген жерге үй салдырып, қасына ас дайындау үшін керей руының адамы Әупішті алып, мінерге «Қоңыр ат» деген атын байлатып сол жерде тарихты, әдебиетті оқумен және ән, қүй шығарумен шүғылданып, 1912 жылдан 1922 жылға дейін болады. Ал 1922 жылы Шактақ деген жерге тағы үй салдырады, өле-өлгенше сол жерде жалғыз өзі тұрады. Асты өзі дайындағанда ішетін болады.

Біз бұл арада Шәкірімнің баласы Қабыштың сол жерге әкесіне барғанда шығарған өлеңін келтіруді жән көрдік.

Баста гармонь, домбыра,
Скрипка қолында,
Тұзу мылтық, қыран құс,
Құған анның соңында.

Қажы ғалым мұқтасин,
Тұысқалы сый болған.
Болыс, ақын, писатель,
Облыстық би болған.

Ақыл таппай қалмаган,
Сауығың жоқ салмаган.
Білім, талап жүлдесі,
Мәнсәбің жоқ алмаган.

Ақ қар, кек мұз Арқаның,
Ықтай конған тасында.
Қырау басып бықсыған,
Қара қосы басында.

Босагада қыраны,
Қондырулы тұрады.
Таңдал сүйген құралы,
Жаралысы асыл-ды.

Кіріп-шығып шықырлап,
Сындырганы шытырлап.
Тынымы кем тыптырлап,
Бақыр сөзі басында.

Қымбат, қызық мұным деп,
Бақыт, ракат күнім деп.
Жанға сая тыным деп,
Бүгін жетпіс жасында.

Қайрат, нұрдан айрылған,
Максут талап майрылған.
Қаралы шал қайырган,
Мен отырмын қасында.

Жым-жырт жапан көргісіз,
Ой кеземін келгісіз.
Жантаямын белгісіз
Айығым ба, масым ба.

Ризалық қамға шауарат,
Суық перде жұз қабат.
Бұл өмірің бізге жат,
Сырт қараган сыры бар,

Айнымасқа байланған,
Дайындалып сайланған,
Жабдық-жарап жайлланған,
Аман-есен еткендей.

Қайта айналып көрмеске,
Ақыл-көмек бермеске,
Хат-хабарың келмеске,
Жат сапарға кеткендей.

Қажетің не, дәрің не?
Көнбекенге кәрің не?
Өзімдік бар бәрінде,
Бір күнің — күнің өткендей.

Композитор өмірінің соңғы жылы аса бір трагедиялық жағдайда өтеді. Шәкәрім 1931 жылы қайғылы қазаға үшінші рет.

Қолдағы жиналған деректерге қараганда, Шәкәрімнің әндерін алғаш рет нотага түсірген голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс. Ол 1919—1922 жылдар аралығында Ақмола политотделінде инструкторлық қызмет атқарып жүріп, қазақ әндерін нотага түсірумен шұғылданады. Соның нәтижесінде 1926 жылы Н. Ф. Финдейзеннің редакциялауы-

мен шықкан «Музыкалық этнография» жинағында Бимбоэс-тің қазақ музыкасы туралы жазған көлемді мақаласына қоса қазактың 25 әннің нотасы басылады.

Аты аталған жинақтың ішінде «№ 1 Шакарим», «№ 2 Шахарим (частушка)» деген атпен Шәкәрімнің екі әні жарық көреді. Бірақ, екі әннің де өлеңі нота астына жазылмаған, тек орыс тілінде мазмұны берілген.

№1 ШАКАРИМ

Запись А.Э.Бимбоэса
Ақмол(инский) уезд



№2 ШАХАРИМ

Запись А.Э.Бимбоэса
Ақмол(инский) уезд



Бұл әндер екінші рет өнертануғының докторы, профессор В. П. Дернованың құрастырумен 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан шықкан «Қазақстанның халық музыкасы» жинағында басылды. Жинақтағы әндердің түпнұсқасын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы З. А. Визель атақты композитор А. К. Глазуновтың Ленинград қаласындағы архивінен алған. Мұнда «№ 2 Шахарим» әнінің нотасы өлеңмен берілген. Подтекстовкасын өнертануғының кандидаты, доцент Г. Н. Бисенова жасады. А. Э. Бимбөс нотага түсірген «I Шакарим» әнінің бір түрі А. В. Затаевичтің 1925 жылы шықкан «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына «Тілек-батам» деген атпен енген. Үшінші рет осы әнді композитор Л. А. Хамиди Абайдың «Қарашада өмір түр» деген өлеңімен жазып алды. Әзірge бұл жарық көрген екі әннің де өз аты бізге белгісіз.

ТІЛЕК – БАТАМ

(Мое благославление)

Умеренно

Сообщил Садвокасов Фаиз
Запись А.В.Затаевича

Ал Шәкәрімнің «Бұл ән бүрынғы әннен өзгерек» деген әні А. В. Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» атты жинағына «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен енген.

Бұл жас үйым, жаңа жиын,
Жастың миын молайтар.
Бірлік — ұран, бірлік — қогам,
Бар жас ұлан соны айттар.

Ал мынау осы әннің еркін аудармасы. Аударған А. В. Затеевич.

«Мы — молодежь красной жизни,
Мы — молодежь, светоч для некультурного,
Еще много надо работать.
Мы, молодежь, выучим слово Ленина,
Мы, молодежь, также изучим Маркса,
Тогда мы будем людьми.
Новая молодежь и новые собрания,
Молодежь увеличивает свои знания.
Общий лозунг — общая культура,—
Вся молодежь скажет это». —

делінген. Бұл әннің жаңа тексінің авторы казактың белгілі ақыны Илияс Жансүгіров еді. «Жастар — заманның қызыл гүліміз» деген атпен Шәкәрімнің бұл әні Қазақстан жеріне түгел тарап, әсіресе, студент жастар арасында хормен де, жеке де және түрлі аспаптардан құрылған оркестрмен де орындалған. Мәселен, Семей қаласында жи болып тұрған концерттерде Мендібай Шафиев үйымдастырған ішекті аспаптар оркестрінің репертуарында композитордың «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Жаңа ойдан шыгарған бір болек бұл ән» андері ойналған.

Шәкәрім әндері қазак совет композиторларының шыгармаларына да арқау болды. Жұбановтың «Абай» сюитасының бірінші бөліміне, А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсындағы Айдардың ариозосына, Айдар мен Ажардың дуэтіне композитордың шыгармалары пайдаланылды. Ақын поэмаларының сюжеті қазак совет ақын-жазушыларының, композиторларының творчествосынан кең орын алған. «Қалқаман — Мамыр» балетіне (либреттосы М. Эуезовтікі, музыкасы В. Великановтікі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында 1938 жылы койылды), «Қалқаман — Мамыр» пьесасына (авторы Б. Тышқанбаев, Қытайда Құлжа қаласында 1947 ж. койылды), «Еңлік — Кебек» операсына (либреттосы С. Жиенбаевтікі, музыкасы Ф. Жұбанованікі, Абай атындағы опера және балет театрында 1975 жылы койылды) Шәкәрім шыгармалары арқау болды.

Жинақта келтірілген әндерден басқа билетініміз — Құрмангазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық кабинеті жіберген экспедиция мүшелері 1965 жылы Семей облысы Абай ауданында тұратын Қабыш Керім-құловтан Шәкәрімнің 10 әнін магнитофон лентасына жазып алды. Ол әндерді музыка зерттеушісі Асқан Серікбаева 1968 жылы нотага түсірді. Әзірge композитор шығармалары туралы біздің мағлұматымыз осы ғана.

Алдағы уақытта Шәкәрімнің музыкалық мұрасы түгел жиналып, зерттеліп, келешек үрпақ қолына табыс етілуге тиіс деп білеміз.

*Талиға Бекхожина,
музыка зерттеушісі.*

ПРЕДИСЛОВИЕ

В феврале 1966 года в отдел музыкального искусства Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР вошел высокий, стройный, смуглый человек, лет шестидесяти. Тогда заведующим отделом был академик А. К. Жубанов. К нему и обратился незнакомец. Через некоторое время Ахмет Куанович сказал мне: «Познакомьтесь. Это сын знаменитого акына Шакарима — Ахат. Ты должна записать песни Шакарима. Один экземпляр нотных записей отдашь мне, другой — Ахату».

Таким образом мне предоставился счастливый случай записать 14 песен Шакарима.

К сожалению, оригиналы песен нам неизвестны, так как утеряны рукописи Шакарима, где им самим были нотированы песни по восточной нотной системе. Но записанные от Ахата образцы можно считать точными, наиболее близкими к первоисточнику. Тем более, что многочисленные экспедиции по республике собрали не очень разнящиеся друг от друга варианты песен Шакарима.

В нашем сборнике тексты песен приводятся по избранному «Шакарим. Жолсыз жаза», подготовленному Мухтаром Магауиным и выпущенному издательством «Жалын». А мелодии, на которые пелись поэмы акына, были записаны в разных областях Казахстана в разные годы: Семипалатинской, Восточно-Казахстанской, Павлодарской, Кустанайской, Карагандинской.

ШАКАРИМ

(Шахкарим) КУДАЙБЕРДИЕВ

(1858—1931)

Выдающийся казахский акын, ученый, философ, композитор Шакарим Кудайбердиев родился 24 июля (11 июля по старому календарю) 1858 года в местности Кенбулак бывшей Чингиставской волости Семипалатинского уезда. Отец его, Кудайберды, был старшим братом великого акына Абая и сыном крупного феодала, правившего родом тобыкты,— Кунанбая. Мать Шакарима, Толебике, народ прозвал Даметкен, из-за доброты и щедрости.

Когда Шакариму исполнилось пять лет, отец отдал его мулле учиться арабской и персидской грамоте. В ауле Кунанбая было много людей, хорошо знавших восточные языки и литературу, сам Кунанбай имел богатую библиотеку, состоявшую из арабских, персидских, тюркских, чагатайских книг и словарей. Благодаря этому и своим способностям Шакарим быстро овладел восточной, потом и русской грамотой.

В 1866 году на 37 году жизни умер отец Шакарима Кудайберды. После его смерти Шакарим воспитывался у деда, но настоящим наставником его был брат отца — двадцатилетний Абай.

Абай сразу заметил музыкальный талант племянника и пригласил в свой аул известного дombриста Биткенбая из рода керей. «Биткенбай хорошо знает историю кюев», — говорил Абай и высоко ценил этого кюйши. Биткенбай учил Шакарима игре на домбре. Будущий композитор перенял от мастера образцы шертпе-кюев: «Азamat-хожа», «Ашши кюй Алшагира», «Булан джигит», «Саймактын сары озени», «Терискакпай», «Кертолгай», «Коркыт», «Асан Кайгы», «Боз инген», «Боз айгыр», айтыс¹ «Садир — Калша». На больших собраниях, свадьбах Шакарим жадно слушал народных профессиональных певцов и инструменталистов — сал и серэ, состязания акынов-импровизаторов, рассказчиков и исполнителей эпических произведений.

¹ Песенно-музыкальное состязание на тему из истории.

И в 14—15 лет он начинает сам сочинять музыку. Его ранние музыкальные произведения, к сожалению, не найдены. Может быть, в народной памяти сохранились некоторые из них...

Ахат Кудайбердиев считает, что песня «Жастық» («Юность») была сочинена Шакаримом именно в юношеские годы, сам поэт датирует ее 1879 годом.

«Бессмертная армия», по нашим предположениям, тоже родилась в юности поэта. Известно, что Абай подтолкнул Шакарима написать песню, используя нетрадиционные для казахской поэзии 9-ти, 10-ти, 12-сложные стихотворные размеры. Шакарим сочинил такую песню и назвал ее «Бессмертная армия».

Пытливый художник, Шакарим постоянно обогащал свой музыкальный язык новыми интонациями. Во многих его произведениях слышатся мотивы русской городской и революционной песни. Так, например, в песне Шакарима «Передай привет» явно прослеживается влияние популярной песни «Проводы» (музыка Д. Васильева-Буглая, стихи Д. Бедного).

Говоря о Шакариме-музыканте, нельзя забывать, что он был человек высокоодаренный во многих областях искусства. Многогранность таланта Шакарима поражала всех, кто его знал.

Известный этнограф Садык Касиманов вспоминал: «Я из той же местности, поэтому несколько раз специально приезжал к Шакариму-хаджи с приветствиями и слушал его беседы. Темой этих бесед были философские размышления о природе, о том, что хорошо и что плохо в жизни...

Меня поражало в этом человеке все: и способности его в разных областях искусства, и стихи, и сочиненные к своим стихам мелодии.

Я видел Шакарима, когда он из разных кусков дерева делал мандолину и скрипку. Видел также, как он выкраивал одежду и вычертывал орнаменты. Я был очевидцем того, как он делал из стали протез лапы пострадавшему от зубов лисицы беркуту. В те годы среди тобыткинцев не было или почти не было человека, который бы не знал наизусть песен Шакарима. Выдающимися исполнителями его песен в те годы были Алдажаров Абдигали, сын Абая Зикаил, Мамырказов Рахимжан, Бекхожин Еспай, Азимбаев Зулгариш, Турагулов Жабраил, Альмагамбет и другие. Я слушал их, я также слушал самого хаджи. Обычно он начинал играть медленно, спокойно, потом мелодия постепенно накалялась, набирала высоту, затем, взлетев ввысь, вновь

возвращалась к первоначальному состоянию. Но я не видел его поющим. В 1924 году в местности Жамбаскудук был свидетелем того, как хаджи слушал свои песни в исполнении Абдигали. Потом он дал ему много советов. Вот некоторые из них, сохранившиеся в памяти:

«Для того, чтобы верно исполнить песню, на верхней части шейки домбры нужно пристроить еще один лад.

Когда играешь, не спеши. Убыстряя темп, не бей по струнам, твои пальцы должны красиво перебирать их.

Когда играешь, не стучи на домбре, уместно пользуйся звуковедением на 3-й струне», — замечал он.

Абдигали очень манерно пел, не забывая придавать то или иное выражение своему лицу. Хаджи остановил его: «Абиш, как же так? Ты больше внимания уделяешь своей внешности, чем песне. Ты лучше силы все пожертвуй песне, которую поешь. Сиди свободно. Движения тела, лица, пальцев отдай во власть души. Бери дыхание полной грудью, губы и лицо не напрягай».

Вот такие замечания и советы давал хаджи...»

Среди исполнителей его произведений выделялись Кабыш Керимкулов из Абаевского района Семипалатинской области, перенявшый песни от самого автора; Рахимбай Битанов — пастух из аула акына, он хорошо исполнял поэмы, особенно «Дубровского». Гайса Тулебаев, Нурмухаммед Бейсембин с северного берега Иртыша стали известными как исполнители поэмы Шакарима: «Еңлик — Кебек», «Калкaman — Мамыр», «Лейла — Меджнун», «Дубровский». Исхак Ырсаев исполнял поэмы Шакарима на свой напев, известный под названием «Исхак сарын». Пели все они без сопровождения музыкального инструмента.

Влияние Абая на становление и развитие творческой индивидуальности Шакарима несомненно. В 1899 году Абай пригласил к себе Шакарима и сказал: «Ты молод, ты должен увидеть мир, другие народы. Должен ехать в Аравию. Соверши паломничество. Посети знаменитые восточные города Каир, Мыср, Стамбул, Мекку и Медину. Там есть всемирно известные библиотеки. Полистай древние рукописи. Познай мир науки, а твои дорожные расходы я беру на себя». В этот далекий путь Шакарим готовился несколько лет. Вновь читал арабские словари, глубоко изучал персидский, тюркские языки. В эти годы умирают его родственники: Оспан, Шаке и Магауия. Абай снова позвал акына: «Шакарим, не повезло тебе. Наверное, ты теперь не поедешь в Аравию». Шакарим ответил: «Я сдержу свое слово и поеду». Абай остался доволен.

В 1904 году умер Абай. Шакарим два года, не выезжая, находился дома, по традиции принимал людей, выражавших соболезнование.

Наконец наступил 1906 год. Акын отправился в далекий и трудный путь. Посетил названные города, в знаменитых их библиотеках читал древние рукописи. В Стамбуле Шакарим Кудайбердиев провел 26 дней. Там и овладел восточной нотной записью. На обратном пути он приобрел книги ученых-философов: Канта, Пастера и других. Из этой поездки он вернулся в 1907 г. Последующие годы акын посвятил науке.

В 1922 году Шакарим неожиданно для всех решает жить один, без семьи, близких. Он принимает одиночество как высшую необходимость. Сын его, Кабыш, недоумевал, впрочем, как и все:

С рождения ты был в почете¹
И достигнул многоного.
А теперь —
Белый снег, синий лед,
Среди каменных глыб твое жилище.
Снегом покрытая, дымная
Черная твоя юрта.
Здесь покой для души ты нашел...
Но ты в глубокой печали...
Ты выбрал непонятный путь.
Что нужно тебе? Какое лекарство?..

По словам Ахата, последний год жизни композитора был тяжел и горек. Кончина его была трагической.²

Первая нотная запись песен Шакарима принадлежит голландцу Альвину Эрнестовичу Бимбозу. В 1919—1922 годах он работал в Акмолинском (ныне Целиноград) полит-отделе инструктором. Тогда же он занялся нотной записью казахских народных песен. В результате этой работы в 1926 году выходит под редакцией Н. Ф. Финдейзена сборник «Музикальная этнография». В этой книге опубликована обширная статья Бимбоза и 25 нотных записей казахских песен. В названном сборнике приведены две песни Кудайбердиева. Но без оригинального текста, даны

¹ Подстрочный перевод дан в сокращении.

² Более подробно о жизни и гибели Шакарима можно узнать из публикаций в № № 7, 8, 9 1989 года в «Казах эдебисти».

лишь краткие переложения его на русский язык. Эти песни вторично опубликованы в 1967 году в книге «Народная музыка в Казахстане». Запись этих песен привез из архива известного русского композитора А. К. Глазунова старший преподаватель Алма-Атинской консерватории им. Курмангазы З. А. Визель. В этом сборнике песня № 2 «Шахарим» дана со словами. Другой вариант песни № 1 «Шакарим» опубликован в сборнике А. В. Затаевича «1000 песен казахского народа» в 1925 году. Он дан под названием «Тлек-батам». В третий раз эту же песню записал композитор Л. А. Хамиди со стихом Абая «Карашада омир тур».

Песня Шакарима «Эта песня отличается от других» опубликована в сборнике А. В. Затаевича «500 песен и кюев казахского народа» в 1931 году под названием «Шакарим Кудайбердин ани». В этом же сборнике в комментарии отмечено: «Шакарим Кудайбердин, старейший акын Семипалатинского у., жив, лет 70 от роду. Приводимая его песня сложилась, по-видимому, под влиянием русских образцов. На тот же самый напев создана и была опубликована в газете «Пионерская правда» (от 18 мая 1929 г.) песня казахских пионеров «Жастар».

Музыкальные произведения Шакарима широко использованы казахскими композиторами: А. Жубановым в 1 части сюиты «Абай», А. Жубановым и Л. Хамиди в опере «Абай» (ариозо Айдара, дуэт Айдара и Ажар и т. д.) На сюжеты поэм акына созданы многие произведения: балет «Калкаман — Мамыр»: либретто М. О. Ауэзова, музыка В. Валиханова, поставлен в 1938 году в Казахском государственном театре оперы и балета имени Абая; пьеса «Калкаман — Мамыр»: автор Бухара Тышканбаев, поставлена в КНР, в городе Кульджа, в 1947 году; опера «Енлик — Кебек»: либретто Саги Жиенбаева, музыка Г. Жубановой, поставлена Казахским государственным театром оперы и балета имени Абая в 1975 году.

Кроме песен, приводимых в сборнике, фольклорной экспедицией Алма-Атинской государственной консерватории в 1965 году записаны от Керимкулова Кабыша (Семипалатинская область, Абаевский район) 10 песен на магнитофонную ленту.

Вот и все сведения о композиторе. Творческий и жизненный путь Шакарима пока еще не изучен полностью, что, несомненно, будет исправлено в самом ближайшем будущем.

Э Н Д Е Р
П Е С Н И

Музыка зерттеушісі
Талиға Бекхожина жинап,
нотаға түсірген Шәкәрім әндері

Песни Шакарима Кудайбердиева,
собранные и нотированные
музыкovedом Талигой Бекхожиной

ЖАСТЫК

Манғаздана. Величаво

Гаунардай көзі, бұлбұлдай сөзі,
Үжмақтың хоры, ізде дім соны,

жаннан асқан бір се-рі. Жүзі бар айдай,
тал бо-йының күрі жоқ, Бел бар күрлдай,

міне зі майдай, ез геден артық
бо-йы бар сымдай, мүшесінің

сол же рі. Да-рия-дай ақыл мол е-ші,
ми-ни жоқ. Кыз о-сыкдай бо-лар ма,

жанғы шы-ғым сол е-ди.
шы-сек-кен о-цар ма!

Гаунардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,

Жаннан асқан бір сері.

Жүзі бар айдай,

Мінезі майдай,

Өзгеден артық сол жері.

Дариядай ақыл мол еді.

Жан гашығым сол еді.

Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының кірі жок.
Белі бар қылдай,
Бойы бар сымдай,
Мүшесінің міні жок.
Қыз осындай болар ма,
Оны сөккен оцар ма!

1879

ШЫН СЫРЫМ

Асықлай. Не спеша

The musical score consists of five staves of music in G clef, 2/4 time, and a key signature of one flat. The lyrics are written below each staff in both Russian and Kazakh. The lyrics are:

Жи-ытр-м(а)луш жа-сым-да бұл ө- лең
жа-зыл-ған, та-был-май ба-сын-да ө-зи - н(е)ай,
ла-йықән. Мұн-ды, күй-сіз, же-сір боп
жа-тыр е- ді, мі - ие- ки,
оі- ла- наң, өз ә- ни та- был-ған.

Жиырма үш жасымда

Бұл өлең жазылған,
Табылмай басында

Өзіне лайық ән.
Мұнды, күйсіз, жесір боп жатыр еді,
Мінеки, ойланып, өз әні табылған.

Бақытсыз жүргегім

Жалындап жанып түр,
Үмітті тілегім

Орынсыз қалып түр.
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,
Аласқан асығың мұнды әнге салып түр.

Көзіме көріндің
Ашылмас сорыма,
Байқамай іліндім
Сиқырлы торыңа.
Жаду көзің басымды айналдырып,
Құрбан қып шалдың ба жарынды жолыңа?

Кетпестей сәуле бар
Ойымда нұрынан,
Ол неге жоғалар,
Айрылман мұңымнан.
Қарақаттай кезіңмен қызықтырып,
Үстадың жанымды түзак қып тұлымнан.

Қадала қарайды,
Үңіліп маған жар,
Жүректен тарайды
Сондықтан мұнды зар.
Жүзін көрмей тұрганда елсем нетті,
Енді жок жанымда жанбауга ықтияр.

Нұрынан нұр алып
Аспанда жарық ай,
Келеді қозғалып,
Жақындал бері қарай.
Аямадың өлер деп мен гаріпті,
Мейірімсіз сәулем-ау, сырныңды айт, бұл қалай?

Өртеніп жанды ішім,
Ақыл жок бойымда,
Кетсек де, сәулемшім,
Суретің ойымда.
Нұрлы жүзің сипаттап зарланайын,
Айтайын әлемнің істеген тойында.

Жібектей қап-қара,
Таралған шашың бар,
Бұдырсыз тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ әжімсіз маңдайың кен,
Қынаптан суырған қанжардай касың бар.

Кірпігің тізіліп,
Миыма қадалар,
Нұр көзің сүзіліп,
Ойыма от салар.
Сиқыр жүзін ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалап, басымды нокталар.

Сүйем деп бір рет,
Келді жан ерінге,
Сезіп тұр қасиет
Аузыңдан, тегінде.
Фәрменінді айт: шықсын ба, не қайтсын ба,
Жолыңа құрбан боп, шыдап тұр өлімге.

Күн батып жоғалды
Нұрыңдан үялып,
Жұлдыз бен ай қалды
Сәуленнен нәр алып.
Жетіқарақшы айналып сені ізделп жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып.

Үркер мен Таразы
Шашуды шашуга,
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуга.
Темірқазық арқандап кос боз атын,
Жаратып, ойы бар тойыңа қосуга.

Таң атты бозарып,
Жоғалды жұлдыз, ай,
Шыдасын о негып
Есі ауып жығылмай.
Тойға келген таң желі сыйырласып,
Сызылтып ән салып, шырқады бозторғай.

Жүзінді көргелі
Күн шықты қайтадан,
Бір көріп өлгелі
Ұмтылды бері таман.
Бұлт перде бүркеніп сыгалап жүр,
Көз жасы — жаңбыр гой, асық боп жылаган.

Гүл билеп жайқалып,
Бүлбүлдар сайраған,
Жорға су тайпалып,
Бұрандап жайнаған.
Жел мен бұлт дуана, бақсы болып,
Дүрілдеп, күрілдеп от-қанжар қайраған.

Бұл әлем айланған
Асық бол сен үшін,
Шашыңа байланған
Дертіңің емі үшін.
Ұят, ынсап бар ма екен, ойла менде,
Жаралдың деп білем, сәулем-ау, мен үшін.

Ақыл-ес сұрама
Дуана сорлыңнан,
Менде ақыл тұра ма,
Байқасаң порымнан.
Жаным, тәнім еркінде не қылсаң да,
Өзіңсің аямай әурелеп қор қылған.

Көңілде сәулемсің,
Көздегі нұрым-ау,
Ақылды астыртын
Үрлаган үрым-ау!
Өмір бойы өртеніп жүргенімше,
Не өлтір, не тірілт, осы шын сырым-ау!..

АЖАЛСЫЗ ӘСКЕР

Бірқалыпты, үстамды. Умеренно, сдержанно

The musical score consists of five staves of music in common time (indicated by '♩'). The first staff starts with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The lyrics are: Пат- ша- лар сан-сyz шы- Fын қы- ла- (Pat-sha-lar san-syz shy-Fyn qy-la-). The second staff continues with the same key signature. The lyrics are: ды, да- йын- дел со- Fыс (dy, da-yin-del so-Fys). The third staff changes to a key signature of one flat (B-flat). The lyrics are: ў- шиң әс- ке- риң, А- я- май (U-shin es-ke-riñ, A-ya-may). The fourth staff continues with the same key signature. The lyrics are: би- ри- би- ри қы- ра- ды, (bi-ri-bi-ri ki-ra-dy,). The fifth staff concludes the piece. The lyrics are: ел а- лар оқ- қа бай-лап жас- та- рын. (el a-lar ok-qa bay-lap jas-ta-rin).

Патшалар сансыз шығын қылады,
Дайындал соғыс үшін әскерін.
Аямай бірін-бірі қырады,
Ел алар оққа байлап жастарын.

Тұрақсыз шыр айналған дүние,
Жұтады бәрінің де бастанын.
Ел түгіл жерлеріне кім ие,
Айтпасаң моласының тастарын.

Шын патша мен емес пе уайымсыз,
Эскерім — өлеңім мен сөздерім.
Олардың патшалығы байымсыз,
Көреді баянсызын көздерің.

Ойлаңыз, біздің әскер өле ме
Қағазға бір басылып қалған соң.
Бұл мықты әскер емей немене
Жайылып талаі орын алған соң!

НАСИХАТ

Жүрдек. Оживленно

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден үк,
Білгеніңнің жақсысын қыл, білменеді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білменеді қыл шәкірт,
Үйренуге қылма наымыс, үйретуге болма кер.

Өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай,
Өкініші кетпес онық, өз ойында босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де, казір оны елге жай,
Құры ішінде кеткенінше пайдалансын өзгелер.

19/2

ЖЫЛЫМ-ҚОЙ, ЖҰЛДЫЗЫМ-ИЮЛЬ

Жүрлек. Оживленно

Жы- лым-қой, жұл- дызым- и- юль,

жа- сым- же- ти жүэ он же- т(у)ай.

То-лық ал- пыс бо-ла- ды жыл,

ко-сыл- с(а)и-юнь, а- п(и)- рель, май.

Ка- зақ-шы- лап е- сеп крыл-сам, бе- си- ши

мү-ше- лим-бул сан. Ө-мір қанша, е- лим да- шан,

е-мес ол біз бі-лер- лик жай.

Жылым — кой, жұлдызым — июль,
Жасым — жеті жүэ он жеті ай.
Толық алпыс болады жыл,
Қосылса июнь, апрель, май.

Қазақшылап есеп қылсам,
Бесінші мүшелім — бұл сан.
Өмір қанша, өлім қашан,
Емес ол біз білерлік жай.

Тірліктің түрін көрдім,
Көңілдің сүйгенін бердім.
Жеміс деп, білмей у тердім,
Бола алмай шын ғылымға бай.

Талайдан бар бір ой менде:
Бұл алемді жаратқан не?
Жоғала ма жан өлгендे,
Түзу жол, істер іс қалай?

Не сыр бар дін деген жолда,
Кітап, тәспір, қожа, молда,
Бояулы бір шатақ ол да,
Сынарлық қаруым жоқ сай.

Ол ойды жүр едім қағып,
Құмар, пайда, атақ бағып.
Ізденбей қалғамын неғып,
Кезегін өткізіп, дүние-ай!

Қаз ілген лашын ем келден,
Жас өтті, төрт пенен нольден.
Азайып от-жалын сонген,
Дариға, кәрілік, қаза-ай.

Алақтап іздедім қару,
Бекілген артыма бару.
Керек боп кеп ғылым табу,
Болып түр күн қараң, айһай.

Орысша не арабшадан,
Тілім жоқ жетіліп алған.
Кітап оқып түрік жазған,
Ұғындым осыны азғантай.

Білімдінің кітаптарын,
Жазыпты түрікше бәрін.
Философ білгіш ойларын,
Сезіндім біразын байқай.

Кітап, ғылым, ой алмаққа,
Маган жол болды сол жақта.
Жұмылдым Меке бармаққа,
Алаң боп іше алмай шай.

Пароходта жүріп жолда,
Әр елден кез келіп молда.
Он үш күн боп Стамболда,
Керек кітап табылғаны-ай!

Парижде де оқыған жан,
Түрік, Серкеш һәм Үндістан.
Араб, башқұрт, қызылбастан
Переводчик түрік, ноғай.

Солармен кірісіп сөзге,
Жоғары ой-мақсұтым өзге.
Түсіп сәуле соқыр көзге,
Ауыр тұман ашылуы-ай!

Ол ойға көп керек тармақ,
Әр тілден словарь алмақ.
Сынап нағызына нанбак,
Наданға болмады-ау оңай.

Сол ойды бес жыл жаздым,
Арыздым, шаршадым, аздым.
Инемен көп құдық қаздым,
Сырым, ойым, жайым сондай.

Неден бармын? Не қылған жөн?
Жоғала ма жан өлген соң?
Бұл үш ойды елемеген
Талап, ойсыз, есер бәнгі-ай!

1918

БҮЛ ӘН БҮРЫНГЫ ӘННЕҢ ӨЗГЕРЕК

Асықтай. Не спеша

Бүл ән бұрынғы ән-нен өз- ге-

рек, бү-ған үй-қас-ты ө-лең сөз ке- рек

ө-зи- не о-рай-лы. Де- нең жан нүрлұ бол-

са жен- дел- мек, ө-лең ән-г(е) ел-шеп

айт- са ән-дел-мек, үй-қас- са қо-лай- лы.

ән - ел- ше- уш, ө-лең- хү- міс, қос- ла- қыз мыс

а-ра- лас, ар-тық а-лу, не кем са-лу,

қар- п қа- лу жа- ра- мас.

Бұл ән
Бұрынғы әннен өзгерек,
Бұған
Үйқасты өлең сөз керек
 Өзіне орайлы.

Денең
Жан нұрлы болса жәнделмек,
Өлең
Әнге өлшеп айтса, өңделмек,
 Ұйқасса қолайлы.

Ән — өлшеуіш,
Өлең — құміс,
Қоспаңыз мыс
 Аралас,
Артық алу,
Не кем салу,
Қарпі қалу
 Жарамас.

Ауыр
Осы әнге тауып сөз салмак,
Тәуір,
Татымды үйқас жиналмак
 Теренмен толғанып.

Сырын
Бұл әннің айтып қарайын,
Түрін
Сипаттап тізіп санайын,
 Өлең тап ойланып.

Буыны — сегіз,
Алтау — егіз,
Үшем деңіз
 Екеуі,
Кім дәл басты,
Кілтін ашты,
Жақсы үйқасты
 Нешеуі?

Қайран
Қайғысыз, қамсыз күндерім,
Сайран
Сауыкты, рақат түндерім,
 Сендерден не пайда?

Асқан
Алпыстан мынау жасымыз,
Қашқан
Шалдықкан гаріп басымыз,
Каласың қай сайды?

Нокталы бас,
Ағызып жас,
Қызысыз мас
Желіксіз,
Хаққа көніп,
Жалын сөніп,
Көрге төніп
Еріксіз.

Жастық
Жалынсам және келер ме,
Мастық
Денеме қызу берер ме?
Сүнганс тұла бой.

Маган
Карама, көңілім, мұңайып,
Саган
Жеткізбес кеткен ол ғайып
Жас өмір, өткен той.

Бұл алпысты,
Түскен тісті,
Тозған түсті
Жасымда,
Сөгүші едім,
Опық жедім,
Бәрі менің
Басымда.

Тағдыр
Адамды айдал туғызбак,
Әрбір
Сүйегінің нәпсі құғызбак —
Өмірдің жолы бұл.

Жақсы
Нәпсісін өзі билемек,
Тапшы
Наданды нәпсі сүйремек,
Мақтанға болып құл.

Ата-анасы,
Айналасы,
Замандасы
Кылган іс,
Тәлім берер,
Соган ерер,
Тағы келер
Бір туыс.

1925

ЖАНА ОЙДАН ШЫГАРГАН БІР БӨЛЕК БҮЛ ӘН

Асықпай. Не спеша

The musical score consists of eight staves of music in G clef, 5/4 time, and a key signature of one sharp. The lyrics are written below each staff in both Russian and Kazakh. The vocal range is mostly soprano.

Staff 1:

Жа- на(а)ой- дан шы- гар- ган бір бе-
лек бүл ән. Жақсы(ы)ун- ди, ү-ғым-

Staff 2:

ды жас ке- рек бү- ган.

Staff 3:

Тол- га, шыр- қа, бай- қап, жас- жү-рек,

Staff 4:

ән- ші-лер- ден сол ти- лек. Сор-ға-лат,

Staff 5:

жор-ға-лат, мұң-дан- ды-рып, та- мыл-жы- тып

Staff 6:

сал. Бой- ды-е- ріт, ой ке- ніт,

Staff 7:

ә- сер бе- ріп, тын- шы жа- наын би- леп ал!

Жаңа ойдан
Шыгарған

Бір бөлек бұл ән.
Жақсы үнді,
Ұғымды

Жас керек бұған.
Толға, шырқа, байқап, жас жүрек,
Әншілерден сол тілек.
Сорғалат,
Жорғалат,
Мұндандырып, тамылжытып сал.
Бойды еріт,
Ой кеңіт,
Әсер беріп, тыңшы жанын билеп ал!

Бос айғай,
Құр ойбай
Ән деме, ойла.

Тұз-дәмсіз,
Тұқ нәрсіз
Ас жеме тойда.

Жасық әннен қандай пайда бар,
Болмас әнде тәтті нәр!

Үйқасты,
Сипатты
Ішкі сырлы жырынды әнге қос.
Сөзі жан,
Әні тән
Жарасымды болса тыңдар оны дос.

Жыршылар
Ән салар
Толғанып ойдан.

Мұнды зар,
Қозғалар
Байқалып бойдан.
Жаныңнан бір майда сыр шыгар,
Сезімі ояу оны ұғар.

Тіл билеп,
Ән күйлеп,
Суреттесе өмір жайын ән.
Мұндараса,
Шырқатса
Ентелесе, оянбай ма жан!

1926

«ТАҢ ЖУРНАЛЫНА ЖАҢА ӘНМЕН БАЙАЗЫ*

Жаңа әнім —
Байгазым
 Құттықтап журнал.
Кәрі жан,
Салып ән,
 Жыбырлап қозгал.
Алдынан шық майда ән сала,
 Қабыл алсын жас бала.
Домбыра ал,
Әнге сал,
 Шілдехана күзет енді сен.
Ер жетсін,
Тербетсін,
 Елді жаңа нұрлы, әсерлі сөзімен.
Толқынга,
Күлқынға
 Соқласын бүл жас.
Зорлықтан,
Корлықтан
 Тоқтасын жолдас.
Еркіндікпен өсіп көп жаса,
 Ел қамынды ойласа.
Қаламды,
Табанды
 Жастар, жатпай жақсы сөзді жаз.
Емдемей,
Жәнделмей,
 Басын ашпай, сорлы елінді қылма таз.

Тілменен,
Пұлменен
 Көмектеп қолда.
Ар бойға,
Соны ойла,
 Тым сараң болма.
Жәрдемінен жасқа толар ол,
 Адасқанға табар жол.
Болма кор,
Үміт зор,
 Хат білгенің алып оқы, бар.
Көксеген,
Жетпеген
 Ойың сенің үйренеді талай зар.

ҚОРҚЫТТЫҢ САРЫНЫ

Асықтай. Не спеша

Ея! Ке-ше- гі ет- кен ер Кор-

кыт, ке- яи- гі жан- га бол-ды)у-

мыт. Са- ры-нын со- ның са- ла-

йын, ес- кіде- уез де- мей кү- лақ

тұт, аң- ғар- май кет- пе а-рын-

мен. Ея! Ко- быз-бен Кор-

кыт сар- на- ган, қал- ма-ды же-

рі бар- ма- ган. Мун-ды)ан-мен е-

мр су-рет- теп, о- сыңи и со-
 ран ар- на- ган а- шу- лы, зар-
 лы са-рын- мен! Кор- кыт
 тү- бі тү- рік, қал- мақ, о- йы-
 е- мар мен е- лім жа-ын ән- ге дәл сал-
 мақ, Ол ән а- я-ғын сез- сіз са-рын-
 мен, шер тар-қа- тып- ты зар- лап.

Кешегі өткен ер Қорқыт,
 Кейінгі жаңға болды ұмыт.
 Сарының соның салайын,
 Ескі әуез демей құлақ тұт,
 Аңгармай кетпе арынмен.

Қобызбен Корқыт сарнаган,
Қалмады жері бармаған,
Мұнды әнмен өмір суреттеп,
Осы әнін соған арнаған,
Ашулы, зарлы сарынмен!

Корқыт түбі түрік, қалмақ,
Ойы — өмір мен өлім жайын
әнге дәл салмақ.
Ол ән аяғын сөзсіз сарынмен,
Шер тарқатыпты зарлап.

Басында жырмен бастаған,
Екі рет жырлап тастаған,
Аяғын әнмен шырқатып,
Бір ауыз сөзді қоспаған,
Әсерлі үнмен толғаған.

Сол әнді ойым ұнады,
Зарласам кеңілім тынады,
Сарынға өлең салдым мен,
Түп-түгел сөз боп шығады,
Көрінді түзу сол маған.

Жасқа ұнамайды сарын,
Қайдан біледі ол кәрілерде
Не сырлы ой барын.
Жат құлағына жастың мұндай ән,
Ол сөзге алар ма нәрін?

Бұл әнге өлең салғаным —
Бұрыннан ойдағы арманым.
Сарнайтын мұны бақсы жок,
Жек көрдім үмыт қалғанын,
Ескіден қалған бір жүрнак.

Жақласа қойсын жастарға,
Жырлайын ойлы достарға.
Мен өлсем, сарын жогалар,
Қимадым көміп тастарға,
Сондықтан айтқан бұл жұмбак.

Қобызбен Қорқыт сарнаған,
Қалмады жері бармаған,
Мұнды әнмен өмір суреттеп,
Осы әнін соған арнаған,
Ашулы, зарлы сарынмен!

Қорқыт түбі түрік, қалмақ,
Ойы — өмір мен өлім жайын
әнге дәл салмак.
Ол ән аяғын сөзсіз сарынмен,
Шер тарқатыпты зарлап.

Басында жырмен бастаған,
Екі рет жырлап тастаған,
Аяғын әнмен шырқатып,
Бір ауыз сөзді қоспаған,
Әсерлі үнмен толғаған.

Сол әнді ойым үнады,
Зарласам кеңілім тынады,
Сарынға өлең салдым мен,
Түп-түгел сөз боп шыгады,
Көрінді түзу сол маған.

Жасқа ұнамайды сарын,
Қайдан біледі ол кәрілерде
Не сырлы ой барын.
Жат құлагына жастың мұндай ән,
Ол сөзге алар ма нәрін?

Бұл әнге өлең салғаным —
Бұрыннан ойдағы арманым.
Сарнайтын мұны бақсы жок,
Жек көрдім ұмыт қалғанын,
Ескіден қалған бір жұрнак.

Жақпаса койсын жастарға,
Жырлайын ойлы достарға.
Мен өлсем, сарын жоғалар,
Қимадым көміп тастарға,
Сондықтан айтқан бұл жұмбақ.

Сарын тез жайылар бойга,
Айдап түсірер сен білмеген
тілті жат ойға.
Жын-баксыларға келер сондықтан,
Жас жиылғандай тойға.

Алып кел арақ тазасын,
Денеме нұры тарасын.
Үйқыдан әбден оянып,
Жаралы жүрек жамасын,
Мас болмай кірмес ақылым.

Қай-қайдан қозғал, жындарым,
Тауып кел істің шындарын.
Хақиқат айтсам адамға,
Білмеймін кімнің тындарын?
Сынайын теріс, мақұлын.

Бері кел, татсыз асыл айнам,
Білдір анығын, не хақиқат,
Не жөн, не пайдам?
Сал тура жолға мені, жетекшім,
Бұл — сынасатын майдан!

Бақсымын жырлап, сарнаган,
Денем жоқ әсер бармаган.
Мидағы жыным, түгел кел,
Хақиқат іске арнаған,
Басайын қобыз пернесін!

Монтаны талай мұндар бар,
Нәпсіне ерген сұмдар бар.
Адамды аңша аулатқан,
Алдамшы, арсыз жындар бар,
Ондайлар маган келмесін.

Ол — жәдігейлер жайтан,
Ойды улатып, көзді байлап,
Жүрген кү сайтан.
Ал жын айтып түр жанның
бар сырын,
Сол хақиқатты айтам.

1929

ҚОРҚЫТ, ХОЖА ХАФИЗ ТУСІМЕ ЕНДІ ДЕ

Жүрдек. Оживленно

Коркыт, Хожа Хофиз

ту-си-ме ен-ди де, о-сы-е-ни-не

са-лып кел-ди де, ол үш қай-та-ра

мұ-ны саи-ра-тып, де-ди: "Кө-ке-йі-не

ен-ди ме? Бұл ән-ге мы-нау

жыр-ды сал, ә-ни мен се-зін

ұ-ғып ал! О-йың-мен қош-та-сар

мез-гі-лін та-яу.



Қорқыт, Хожа Ҳафіз тұсіме енді де,
Осы әніне салып келді де,
Үш қайтара мұны сайдратып,
Деді: «Көкейіңе енді ме?
Бұл әнге мынау жырды сал,
Әні мен сөзін үғып ал!
Ойынмен қоштасар
Мезгілің таяу.
Жыр жазбасаң, тартар ой
Күннен күнгө жалқауланып, баяу».

— Кайран терен ойым, қартайып тоздың ба?
Еріншек боп бұйда создың ба?
— Сен барша адамнан озам деуші едің,
Мынау кәрілкten оздың ба?
Осымен тоқта жығылмай,
Сыймайтын жерге тығылмай,
Есті жи, тозды ми,
Байқа да сактан,
Іздегенің болмаса,
Атақ алмақ — аскандық пен мақтан.

Ойдың жауабы осы бұл сөзге қайырган:
— Өлім жоқ қой әзір айырган!
Мен еріншек боп әлі тозғам жоқ,
Кеміп бұрынғы өткен жайымнан.
— Қартайып тозған бой, денен...
— Айрылман өлмей мен сенен!
Мида жоқ бұзық кан,
Ақылың таза,
Не себептен боласың
Ойды бұзып, құдер үзіп, наза?

Ойым бұл сөзге:

— Токталып тұра алман,
Кемшілік бар сенде құралған.
Сен ұмытшақ бол, жалқау тартқансың,
Қайтіп құтыласың бұлардан?!
Мойында тоған сыйныңды,
Жоқтама өткен күніңді!
Сары су миға кеп
Ақ тамыр жақтан,
Сала ма деп қорқамын
Аяғыңа ашылмас қақпан.

Өзің жас кезінде әр іске аландалап,
Бірін мактап, бірін жамандап.
Бұл ұмытшақты бойға жигансың,
Тастап шыдамадың табандап.
Еріншек — ескі жолдасың,
Демедін бойда болмасын.
Сол әдет жүр әлі
Артыңнан қалмай.
Кәрілікке жабасың,
Арт жағыңа назарыңды салмай.

— Бұзық адамдарды ақ жолға салуға,
Қияннatty көрге жабуга
Мен ақыл мен ойды жұмсаушы ем,
Талай кын істі табуға.
Шалғыншы ойым ақылға,
Ақылым тоқтап макұлға,
Толғанып, сынға алып,
Танығын тастап,
Анықталған хақикат
Тура жолға салушы еді-ау бастап.

Қош бол, терен ойым, әлемді шарлаган,
Қын іске әдейі аринаған,
Бар дene сезім таппас жұмбақтың
Толғап, талай сырын барлаған.
Ақылға экеп сынатқан,
Дұрысын ақыл ұнатқан.
Қайран ой, қайран ми,
Қоштастым жылап,
Кешікпей-ақ қалар деп
Орын қылған сауыттарың құлап!..

10 февраль 1931

ОЙДАН ШЫГАРҒАН БАР ТҮРЛІ ӘНДЕРИМ*

Ойдан шыгарған бар түрлі әндерім,
Үйрен, білсөн әннің мәндерін.
Дәл толқындарын толғап бұлжытпай,
Келтір кемеліне сәндерін.
Ән менен құйдің тілі — үн,
Ұқласаң оны саған мін.
Жасынан талаптан білуге сырын,
Жете үғып алған соң жарасады,
Қосып айтсаң жырын.

Мұнды-зарлы үндер еріксіз жылатар,
Қамыққанды кейін жұбатар.
Ой, ақылымды қозғар ән-күйді
Жаным жай тапқандай үннатар.
Әсерсіз айғай ән болмас,
Татымды онда мән болмас.
Сазды үнмен билеп ал тыңдаушы ойын,
Елжіретіп жүргегін, әсер беріп,
Ән балқытсын бойын.

Әсем әннен гажап ләззатты үн шыгар,
Ойы сергек оны жан үғар.
Бар сезімінді қозғар ән-күйге
Жастар, тілімді ал, бол құмар.
Үн сырын үғар адам аз,
Айғайға құр болар мәз.
Ұқлады тас құлак ән мен қүй мәнін,
Сезер ме еді, оларға салып берсе,
Сиренниң¹ әнін?

Гомер ән сиқырын аңғартқан Сиренниен,
Қиялдаған оймен тереңценен.
Ол әннің жайын ашып берумен,
Күткен сондай әнді өреннен.
Шыгардым әндер жаңалап,
Саларсың сынға сарапал.
Жараса, ойладым әншілер салсын деп,
Белгі болып бір мұра кейінгіге
Әнімнен де қалсын деп.

* Сирена — Гомердің «Одиссея» поэмасындағы гажайып адам бағыт атап құс.

АНАДАН АЛҒАШ ТУҒАНЫМДА

Бірқалыпты, ұстамды, үмеренно, сдержанно

The musical score consists of five staves of music. The lyrics are written below each staff:

- Staff 1: А- на- дан ал- гаш ту- га- ным-
- Staff 2: да, жы- ла- дым не- ге
- Staff 3: да- быс- тап. Кін- дік- ти
- Staff 4: ке- сіп, қи- га- нын- да,
- Staff 5: а- нам- ная кет-тім а- лыс- тап.

Ак бүйімде оғап ашанында,

Құндаққа қоиды таңып сап.

Жып-жылы суға салғанында,

Денемді әбден арулап.

Емуді қайдан үйрендім тап,

Емшектен сүтті сорғанда.

Кіш-кішке неге құлдім үнап,

Үш айлық бала болғанда?

Бір түнде жылап, дамыл бермей,

Ояттым неге анамды?

Емізген оны қын көрмей,

Алды ғой демей мазамды.

Ақ сүтке әбден тойғанымда,
Аштыкты ұмыттым анықтап.
Жылауды мүлде қойғанымда,
Ұйқыда күлдім шалықтап.

Туғанда кейіп, жыладым мен,
Сездім бе өмір сырларын?
Өмірді сүйіп, үнадым мен,
Білдім бе мұндай қыларын.

Аспанда көріп жұлдыз беріп,
Ер жетсем дедім: соны алам.
Ата-ана қалды аһ үрып, дариға-ай,
Күн болды жер мен ата-анам.

Жылылық, жарық нұрын беріп,
Сездірген атам — Күн шебер.
Балына қосып уын беріп,
Өсірген анам — кара Жер.

Кіндікті кесіп тастамағы —
Жас өмір сүйтіп қылған.
Ақ бүйымға орай бастағаны —
Кебінің сондай бүйымнан.

Күстап салса құндағына,
Кіретін көрге ұқсамақ.
Тағдыр жоқ өлмей түрмагына,
Өмірді өлім тұсамақ.

Алдауға күліп, қуанғаның —
Алданып өтпек адам ол.
Ашығып емсе, ұнғаның —
Өмірде көрмек ісің сол.

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі — сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі — өз халқың.

Ынсан пен мейірім, әділетті,
Жанындаі көріп, жан сакта.
Ол жолда өлсек, неміз кетті,
Максұтқа жетпей қалсақ та.

КЕТЕРМІН, АРТЫМДА СӨЗ, ӘНІМ ҚАЛАР

Бірқалыпты, үстамды. Умеренно, сдержанно

Ке-тер-мин, ар-тым-да сөз, э-
 ном-ка-лар, ке-йін-гі жас-
 тар о-қып ор-та-f(a)а-лар, Бі-рі жен,
 бі-рі теріс ай-тып-ты деп,
 та-ла-сып ез-де-рик-ше сын-га са-
 лар.

Кетермін, артымда сөз, әнім қалар,
 Кейінгі жастар оқып ортаға алар.
 Бірі жен, бірі теріс айтыпты деп,
 Таласып өздерінше сынға салар.

Табиги заң өткенді жаңа сыннау,
 Жаманынан жиреніп, жақсыны ұнау.
 Дәлелдеуге өлген соң келмес тілім,
 Тірлігімде айтатын сөзім мынау.

Сынау киын біреудің жайын білмей,
 Кетпе өмірін, ортасын көзіңе ілмей.
 Ауыр жүк арқалаған жолаушыға,
 Жағада жүксіз тұрган жанша құлмей.

Қайықпен кездім теңіз ауыр күнде,
Қанды опқын қатты толқын қара түнде.
Заманым заманыңа сәйкес келмес,
Сынап көр сол қайыққа сен де мін де.

Иесіз өзім кестім кіндігімді,
Зорға аштым тар ұңғірде түндігімді.
Сүрген өмір жайымды түгел ұксан,
Сонда анық білерсің кімдігімді.

ТЫНЫШТАҚ ЖОҚ, ТЫНЫМ ЖОҚ

Асықтай. Не спеша

The musical score consists of eight staves of music in G clef, 2/4 time, and A major (indicated by a key signature of one sharp). The lyrics are written below each staff in Kazakh. The vocal range is mostly within the soprano and alto voices.

1. Ты-ныш-тық жоқ, ты-nym жоқ,
ой- сыз ме-ниң кү- ниң жоқ,

2. Қай-ғы- ра-мын, қан жу- там,
ке-зім-ді 1-лер ту-ниң жоқ,

3. Жа-зу- мен күн-ди ба- ты- рам,
ой- лау- мен таң- ды а-ты- рам.

4. Қи-тал- қа те- се қа- да- лып,
сі-лем-ді сүй-тіп қа- ты- рам.

Тыныштық жок, тыным жок,
Ойсыз менің күнім жок.
Қайғырамын, қан жұтам,
Кезімді ілер тұнім жок.

Жазумен күнді батырам,
Ойлаумен таңды атырам.
Кітапқа тесе қадалып,
Сілемді сүйтіп қатырам.

Сыртым — бұтін, ішім — шок,
Ашуым бар, күшім жок.
Қайғылы шерді тарқатар,
Сырласатын кісім жок.

Қанды қанау айналам,
Соларды көріп ойланам.
Құтқарып алар қуат жок,
Саламын құр байбалам.

Көрмейін десем көзім бар,
Махаббат, мейірім, сезім бар.
Ел үшін еңбек етем деп,
Серт қылған жалтаң сезім бар.


Түзету қолдан келмейді,
Замана ерік бермейді.
Кектенген ой залымға,
Көкірегімді кернейді.

Бай, әкім, жуан, сопылар,
Жемтік көрсө шоқылар.
Бірі талап, бірі алдап,
Бұзатын елді осылар.

Адалға жоқ қосылар,
Арамнан деме шошынар.
Ел зарлатқан қулардын,
Алдынан зал тосылар.

СҮРАҒАН ЖАНГА СӘЛЕМ АЙТ

Бірқалыпты, үстамды. Умеренно, сдержанно



Су-ра-ған жан- га сә- лем айт,



біз-ден ке- йін қал- ған. Тे-зі-рек деп тұр



үй- ге қайт, ө-лім де-ген бал- уан. Жардың нұрын



жарқыра-тып, салдым елдің ал-ды-на. Мал е- мес деп



кет- ті ша- тыл, бол-ма- ды жан ал- ған.

Сураған жанға сәлем айт,
Бізден кейін қалған.

Тезірек деп тұр үйге қайт,
Өлім деген балуан.

Жардың нұрын жарқыратып,
Салдым елдің алдына.

Мал емес деп кетті шатып,
Болмады жан алған.

Өзімді сөкті достарым,
Айтасың деп жалған.
Кезі бар, миң бостарым,
Нұр алмады жардан.
Сүйтсем олар керен, соқыр,
Көз дегенім — қара су.
Құлагы тас, үклай тұр,
Жүргегі мұз, қардан.

Айуанға алтын сатам деп,
Айландым мен ақымақ.
Бірі шөп, бірі жемтік жеп,
Кетті алтынды таптап.
Сопы кетті мешіт жаққа,
Тура жолдан адасып.
Кіріп кеттім мен қабаққа,
Таза аракты мақтап.

Арамнан азық жегенді,
Ала алмадым ақтап.
Түсемін отқа дегенді,
Қала алмадым сақтап.
Бірі етімді, бірі тұкті,
Талап өңкей айуан.
Қуып шықты, көрге тыкты,
Өлтірді екі жақтап.

Қызырдың мәңгі сулары —
Алдан айтқан айлаң.
Жарымның ерін дымдары —
Жан беретін пайдам.
Мас болып ал тепкенімде,
Ескі дүние жоқ болар.
Мен айықсам бар боп мұлде,
Алдан тұр ол қайдан?

Өмірден мақсат — хакиқат,
Соны іздеп алмақ.
Нәпсіге еріп, болма шат,
Ол сені отқа салмақ.
Өмір түбі — өлім болса,
Мейлің жыла, мейлің құл,
Мың жыл саған қыдырың конса,
Ол суалып қалмақ.

1929

Бұлактан арман белгі бар,
Ренжімей сонан көр қазындар,
Терендей барып, лахаттай.

Апармай елге, көміп мұнда,
Мінерлік атым түр осында,
Бірің шық елге барғандай.

Сәлемім — елден кешу сұрап,
Жалынып, тілеп, кеттім жылап,
Жақын деп, жат деп талғамай.

Артымнан аят, дүға қылсын,
Елсізде өттім, ойлай жүрсін,
Алғысын айтсын, қарғамай.

Өмірге жоқ қой құмарым да,
Жетпіс үш жасқа шыгарымда,
Айналды-ау өмір арбадай.

Айтқамын, өлсем жылама деп,
Туган жан өлмей тұра ма деп,
Жер қояр кімді жалмамай.

Өкініш емес өлім маган,
Өткізіп қолдан қоштаспаған,
Жалғыздық — осы арман-ай!

Ішімді жалын қаптағаны-ай,
Шыбын жан тыныш жатпағаны-ай,
Қапыда дерптің шалғаны-ай!

Жәрдемші ешкім жанымда жоқ,
Басымды сүйер жарым да жоқ,
Жалғыздықта өткен жалған-ай!..

1931

ЕҢЛІК-КЕБЕК

/ I түрі /

Бірқалыпты. Умеренно



Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы,
Жуантаяқ Тоқтамыс дейтін кісі.
Жамагайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.


Сол Кебек мыкты болпты жас басынан,
Не шара артық туган жолдасынан.
Жасы кіші болса да, жаны отты деп,
Тоқан да тастамапты өз қасынан.

Кебектің он бес жаста аты шыққан,
Атты, жаяу бәрінен бірдей мыкты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Дембелше, орта бойлы, кең иықты.

ЕҢЛІК – КЕБЕК

/І түрі /

Баяндай. Повествовательно



Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы,
Тоқтамыс Жуантаяқ деген кісі.
Жақыны жамағайын сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.

ЕҢЛІК-КЕБЕК

/III түрг/

Тебірене. Взволнованно

Кы-сы-лып Ны-сан а-быз бат-ты тер-ге,
қа-рай-ды, сез сей-лей-ди Ке-бек ер-ге:
А-жа-лың би-ик қа-бак, сүр-лау қызы-дан,
ба-ты-рым, он-дай қызы-ға жо-лай кер-ме.
Кез бол-саң а-сық-пай-ақ тез бо-лар-сың,
тү-бі-нен қа-ра жар-тас көз бо-лар-сың.
Сақ-тық-та қор-лық жур-мей(ш) де-ген сез бар,
ба-ты-рым, сақ-тан- ба-саң сез бо-лар-сың.


Кысылып Нысан абыз батты терге,
Қарайды, сөз сейлейді Кебек ерге:
«Ажалың биік қабак, сұрлау қыздан,
Батырым, ондай қызға жолай көрме.

Кез болсаң асықпай-ақ тез боларсың,
Түбінен қара жартас кез боларсың.
«Сақтықта қорлық жүрмейді» деген сөз бар,
Батырым, сақтанбасаң сөз боларсың».

ЕҢЛІК-КЕБЕК

/ 1Y түрі /

Баяндай. Повествовательно



Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы,
Тоқтамыс Жуантаяқ дейтін кісі.
Жақыны жамағайын сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Сол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқан да тастамайды өз қасынан.
Жасы жас болса дағы, жаны отты деп,
Артық көріп сыйлапты жолдастынан.

Кебектің он бес жаста аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты,
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Дембелше, орта бойлы, кең иықты.

ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН

/ I түрі /

Көтеріңкі . С подъемом

A-раб-та бір бай бол-ды дәу-ле-т(г)ас-қан,
сау-да-сы әр пат-ша-мөн а-ра-лас-қан.

Құ-дай-дан бір ми-рас-қор ба-ла ті-леп,

ма-лы-ның са-да-да-га ке-бін шаш-қан.

Арабта бір бай болды дәuletі аскан,
Саудасы әр патшамен араласқан.
Құдайдан бір миraseкор бала тілеп,
Малының садақаға көбін шашқан.

ЛӘЙЛІ – МӘЖНҮН

/II түрі/

Жай. Медленно

The musical score consists of three staves of music. The first staff starts with a treble clef, a 2/4 time signature, and a key signature of one sharp. The lyrics for this staff are: А- раб- та бр бай бол- ды дәу- ле- т(и)ас- қан, сау- да- сы әр пат- ша- мен а- ра- лас- қан. The second staff continues with the same musical setting: Кү- дай- дан бір ми- рас- қор ба- ла т- леп, The third staff concludes the melody: ма- лы- ның са- да- қа-ға кө- бін шаш-қан.

Арабта бір бай болды дәuletі аскан,
Саудасы әр патшамен араласқан.
Құдайдан бір мирасқор бала сұрап,
Малының садақага көбін шашқан.

Бай еді қайыры мол, бек қабагат,
Тіледі бала бер деп көп жамагат.
«Көп тілегі — көл» деген мақалдайын,
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

ҚАЛҚАМАН-МАМЫР

Айрын. Четко

Ә- нет Ба- баң - Ар-ғын- ның, ел а- ра- сы,
 ә- рі би, ә- рі мол- да ғұ- ла- ма- сы.
 Ор- та жұз- г(е)лгі айт-қан ға- дил ек- ен,
 сол кез- де тоқ- сан бес- ке кел-ген жа- сы.

Әнет Бабаң — Аргынның ел ағасы,
 Әрі биі, әрі молда ғұламасы.
 Орта жүзге үлгі айтқан ғаділ екен,
 Сол кездे тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген — Бабаңның өз атасы,
 Мәмбетей — сол Кішіктің бір ағасы.
 Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,
 Қатаған Тұрсын ханның ханышасы.

ДУБРОВСКИЙ

Баяндай. Повествовательно




Жер ай- нал-май тур-май(ды) дү-ни- е жай,



ке- лер, ке- тер а- дам- зат із қал- дыр- май.



Сол ет- кен көп за- маның бір ке- зін- де,



бо- лып- ты Тро- е- ку- ров де- ген бір бай.

Жер айналмай тұрмайды дүние жай,
Келер, кетер адамзат із қалдырмай.
Сол өткен көп заманың бір кезінде,
Болыпты Троекуров деген бір бай.

Осы бай Русияның шетінде екен,
Күнбатыс заграница бетінде екен.
Өлшеусіз жер, санаусыз ақшасы көп,
Сөйтсе де тағы жұтпақ ниетінде екен.

ТҮСІНІКТЕР

1. **Жастық.** Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. А. Құдайбердиев (1900—1984 жж.) — Шәкәрімнің баласы, ақын-композитор. Семей облысы Абай ауданында туған.
2. **Шын сырым.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.
3. **Ажалсyz эскер.** Ахат Құдайбердиевтің айтуы бойынша жазылып алынды.
4. **Насихат.** Ахат Құдайбердиевтің орындауынан жазылып алынды.
5. **Жылым — қой, жүлдүзым — июль.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.
6. **Бұл ән бүрынғы әннен өзгерек.** Ахат Құдайбердиевтің айтуынан жазылып алынды.
7. **Жаңа ойдан шыгарған бір бөлек бұл ән.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.
- *8. **«Таң» журналына жаңа әнмен байғазы.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды. «Жаңа ойдан шыгарған бір бөлек бұл әннің» әуенімен айтылады.
9. **Қорқыттың сарыны.** Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды.
10. **Қорқыт, Хожа Ҳафіз түсіме енді де.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.
- *11. **Ойдан шыгарған бар түрлі әндерім.** Ахат Құдайбердиевтің айтуы бойынша жазылып алынды. «Қорқыт, Хожа Ҳафіз түсіме енді де» әннің әуенімен айтылады.
12. **Анадан алғаш туғанымда.** Ахат Құдайбердиевтің орындауынан жазылып алынды.
13. **Кетермін, артымда сөз, әнім қалар.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.
14. **Тыныштық жоқ, тыным жоқ.** Ахат Құдайбердиевтің айтуынан жазылып алынды.
15. **Сұраган жанға сәлем айт.** Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды.
16. **Ойладым бір сөз жазайын да.** Ахат Құдайбердиевтен жазылып алынды.

17. Еңлік — Кебек (I түрі). Ахат Құдайбердиевтің орындауынан жазылып алынды.

18. Еңлік — Кебек (II түрі). Қимадиден Нығымановтың орындауы бойынша жазылып алынды. Қ. Нығыманов (1924—1980 ж.) — ақын-импровизатор, қиссашы. Павлодар облысы Краснокут ауданында туған.

19. Еңлік — Кебек (III түрі). Бажай Ахметовтің айтуынан жазылып алынды. Б. Ахметов — биши, қиссашы. 1916 жылы Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданының Ошаганды (Верхняя Березовка) деген жерінде туған.

20. Еңлік — Кебек (IV түрі). Зейнеп Егеубаеваның орындауы бойынша жазылып алынды З. Егеубаева — ертекші, аздаған ақындығы бар өнерлі жан. 1909 жылы Семей қаласында туған.

21. Ләйлі — Мәнжүн (I түрі). Ахат Құдайбердиевтің айтуынан жазылып алынды.

22. Ләйлі — Мәнжүн (II түрі). Бақытжамал Оспанованың орындауы бойынша жазылып алынды. Б. Оспанова — ақын, импровизатор, қиссашы. 1920 жылы Павлодар облысы Бесқарағай ауданында туған, қазір Қостанай облысында тұрады.

23. Қалқаман — Мамыр. Қимадиден Нығымановтың айтуы бойынша жазылып алынды.

24. Дубровский. Нығыман Әбішевтің орындауынан жазылып алынды. Н. Әбішев (1906—1988 ж.) — әнші, қиссашы, Қазақ ССР-інің халық артисі. Қарағанды облысы Егіндібұлак ауданында туған.

ПРИМЕЧАНИЯ

1. **Жастық.** Записано от А. Кудайбердиева. Ахат Кудайбердиев (1900—1984) — сын Шакарима, поэт, композитор, родился в нынешнем Абаевском районе Семипалатинской области.
2. **Шын сырым.** Записано от А. Кудайбердиева.
3. **Ажалсыз аскер.** Записано от А. Кудайбердиева.
4. **Насихат.** Записано от А. Кудайбердиева.
5. **Жылым — кой, жулдызыым — июль.** Записано от А. Кудайбердиева.
6. **Бул ан бурынгы аннен озгерек.** Записано от А. Кудайбердиева.
7. **Жана ойдан шыгарған бир болек бул ан.** Записано от А. Кудайбердиева.
8. **«Тан» журналына жана анмен байгазы.** Записано от А. Кудайбердиева.
9. **Коркыттын сарыны.** Записано от А. Кудайбердиева.
10. **Коркыт, Ходжа Хафиз тусиме енди де.** Записано от А. Кудайбердиева.
11. **Ойдан шыгарған бар турли андерим.** Записано от А. Кудайбердиева.
12. **Анадан алгаш туганымда.** Записано от А. Кудайбердиева.
13. **Кетермин, артымда соз, аним калар.** Записано от А. Кудайбердиева.
14. **Тыныштық жок, тыным жок.** Записано от А. Кудайбердиева.
15. **Сураган жанга салем айт.** Записано от А. Кудайбердиева.
16. **Ойладым бир соз жазайын да.** Записано от А. Кудайбердиева.
17. **Еңлик — Кебек (I вариант).** Записано от А. Кудайбердиева.
18. **Еңлик — Кебек (II вариант).** Записано от К. Ныгманова. Кимадиден Ныгманов (1924—1980) — акын-импровизатор, родился в нынешнем Краснокутском районе Павлодарской области.

19. Енлик — Кебек (III вариант). Записано от Б. Ахметова. Бажай Ахметов — киссашы, родился в 1916 году в ауле Ошаганды (Верхняя Березовка) нынешнего Катон-Каргайского района Восточно-Казахстанской области.
20. Енлик — Кебек (IV вариант). Записано от З. Егеубаевой. Зейнеп Егеубаева — сказительница фольклора, родилась в 1909 году в городе Семипалатинске.
21. Лейла — Меджнун (I вариант). Записано от А. Кудайбердиева.
22. Лейла — Меджнун (II вариант). Записано от Б. Оспановой. Бакытжамал Оспанова — акын-импровизатор, родилась в 1920 году в нынешнем Бескарагайском районе Павлодарской области. Сейчас проживает в Кустанайской области.
23. Калкаман — Мамыр. Записано от К. Ныгманова.
24. Дубровский. Записано от Н. Абишева. Ныгман Абишев (1906—1988) — певец, народный артист Казахской ССР, родился в нынешнем Егиндыбулакском районе Карагандинской области.

ҚОСЫМША
ПРИЛОЖЕНИЕ

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық лабораториясы қорынан алынған Шәкәрім әндері.

Әндерді нотаға түсірген музыка зерттеушісі Аскан Серікбаева.

Материалдарды дайындағандар — фольклорлық лабораторияның қызметкерлері: А. Айтуарова, К. Әмірханова, К. Төленов.

Нотировки песен Шакарима Кудайбердиеva из фонда фольклорной лаборатории Алматинской государственной консерватории им. Курмангазы, сделанные музыковедом Аскан Серикбаевой.

Материалы подготовлены сотрудниками фольклорной лаборатории: А. Айтуюровой, К. Амирхановой, К. Туленовым.

ЖИЫРМА ҮШ ЖАСЫМДА

(Шын сырым)

Салмақлен. Сдержанно $J = 84$

Жиыр-ма үш жа-сым- да бүл е-

лец жа-зыл- фан, ба- сын-

да та-был-май е-зи- не ла-йық,

эн. Мун- лы, күй-

сиз, же- сир боп

жа- тыр е- ді, ми- не- ки, ой- ла-

нып, ез э- ни та-был- фан.

Жиырма үш жасымда
Бұл өлең жазылған,
Табылмай басында

Өзіне лайық ән.
Мұнды, құйсіз, жесір боп жатыр еді,
Мінеки, ойланып, өз әні табылған.
Бақытсыз жүргегім

Жалындал жанып тұр,
Үмітті тілегім
Орынсыз қалып тұр.
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,
Адасқан асығың мұнды әнге салып тұр.

Көзіме көріндін
Ашылмас сорыма,
Байқамай іліндім
Сиқырлы торыңа.
Жаду көзің басымды айналдырып,
Құрбан қып шалдың ба жарынды жолыңа?

Кетпестей сәуле бар
Ойымда нұрыннан,
Ол неге жогалар,
Айрылман мұңымнан.
Қарақаттай көзіңмен қызықтырып,
Ұстадың жанымды тұзак қып тұлымнан.

Қадала қарайды,
Үңіліп маган жар,
Жүректен тарайды
Сондыктан мұнды зар.
Жүзін көрмей тұрганда өлсем нетті,
Енді жоқ жанымда жанбауга ықтияр.

Нұрыннан нұр алып
Аспанда жарық ай,
Келеді қозғалып,
Жақындал бері қарай.
Аямадың өлер деп мен гаріпті,
Мейірімсіз саулем-ау, сырынды айт, бұл қалай?

Өртеніп жанды ішім,
Ақыл жоқ бойымда,
Кетсөн де, сәулемешім,
Суретің ойымда.
Нұрлы жүзің сипаттап зарланайын,
Айтайын әлемнің істеген тойында.

Жібектей қап-қара,
Таралған шашың бар,
Бұдырысyz тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ әжімсіз маңдайың кең,
Қынаптан суырган қанжардай қасың бар.

Кірпігің тізіліп,
Миыма қадалар,
Нұр көзің сүзіліп,
Ойыма от салар.
Сикыр жүзің ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалап, басымды нокталар.

Сүйем деп бір рет,
Келді жан ерінге,
Сезіп тұр қасиет
Аузыңнан, тегінде.
Фарменіңді айт: шықсын ба, не қайтсын ба,
Жолыңа құрбан боп, шыдап тұр өлімге.

Күн батып жоғалды
Нұрыңнан үялыш,
Жұлдыз бер ай қалды
Сәулеңнен нәр алыш.
Жетіқарақшы айналып сені іздел жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып.

Үркөр мен Таразы
Шашуды шашуға,
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуға.
Темірқазық арқандап кос боз атын,
Жаратып, ойы бар тойынца қосуға.

Таң атты бозарып,
Жоғалды жұлдыз, ай,
Шыдасын о негып
Есі ауып жығылмай.
Тойға келген таң желі сыйырласып,
Сызылтып ән салып, шырқады бозторғай.

Жүзінді көргелі
Күн шықты қайтадан,
Бір көріп өлгелі
Ұмтылды бері таман.
Бұлт перде бүркеніп сығалап жүр,
Көз жасы — жаңыр ғой, асық бол жылаған.

Гүл билеп, жайқалып,
Бұлбұлдар сайраған,
Жорға су тайпалып,
Бұраңдап жайнаған.
Жел мен бұлт дуана, бақсы болып,
Дүрілдеп, күрілдеп от-қанжар қайраған.

Бұл әлем айланған
Асық бол сен үшін,
Шашыңа байланған
Дертіңің емі үшін.
Ұят, ынсан бар ма екен, ойла менде,
Жаралдың деп білем, сәулем-ау, мен үшін.

Ақыл-ес сұрама
Дуана сорлыңнан,
Менде ақыл тұра ма,
Байқасаң порымнан.
Жаным, тәнім еркінде не қылсаң да,
Өзіңсің аямай әурелеп қор қылған.

Көңілде сәулемсің,
Көздегі нұрым-ау,
Ақылды астыртын
Ұрлаган үрим-ау!
Өмір бойы өртеніп жүргенімше,
Не өлтір, не тірілт, осы шын сырым-ау!..

1881

ЖЫЛЫМ-ҚОЙ, ЖҰЛДЫЗЫМ-ИЮЛЬ

Асықтай. Не спеша J=104

Жылым - қой, жұлдызым - июль, жасым-

жеті жүз он же - т(ү)ай. То - лық алпыс бо-

ла - ды жыл, қо-сыл - са и - юнь, а-п(i)-рель,

май. Қазақ - шы - лап е - сеп қылса мб

сін - ши мү - ше - лм - бүл сан. ө-

мар қан - ша, ө - лм қа - шан, ө -

мес ол біз бі - лер - лк жай.

Жылым — қой, жұлдызым — июль,
Жасым — жеті жүз он жеті ай.

Толық алпыс болады жыл,
Қосылса июнь, апрель, май.

Қазақшылап есеп қылсам,
Бесінші мүшелім — бұл сан.
Өмір қанша, өлім қашан,
Емес ол біз білерлік жай.

Тірліктің түрін көрдім,
Көңілдің сүйгенін бердім.
Жеміс деп, білмей у тердім,
Бола алмай шын гылымға бай.

Талайдан бар бір ой менде:
Бұл әлемді жаратқан не?
Жоғала ма жан өлгенде,
Тұзу жол, істер іс қалай?

Не сыр бар дін деген жолда,
Кітап тәспір, қожа, молда,
Бояулы бір шатақ ол да,
Сынарлық қаруым жоқ сай.

Ол ойды жүр едім қағып,
Құмар, пайда, атақ бағып.
Ізденбей қалғамын неғып,
Кезегін откізіп, дүние-ай!

Қаз ілген лашын ем көлден,
Жас өтті, төрт пенен нольден.
Азайып от-жалын сөнген,
Дарига, кәрілік, қаза-ай.

Алактап іздедім қару,
Бекілген артыма бару.
Керек боп көп гылым табу,
Болып тұр күн қараң, айһай.

Орысша не арабшадан,
Тілім жоқ жетіліп алған.
Кітап оқып түрік жазған,
Ұғындым осыны азгантай.
Білімдінің кітаптарын,
Жазыпты түрікше бәрін.
Философ білгіш ойларын,
Сезіндім біразын байқай.

Кітап, ғылым, ой алмаққа,
Маган жол болды сол жакта.
Жұмылдым Меке бармаққа,
Алаң боп іше алмай шай.

Пароходта жүріп жолда,
Әр елден кез келіп молда.
Он үш күн боп Стамболда,
Керек кітап табылғаны-ай!

Парижде де оқыған жан,
Тұрік, Серкеш, һәм Үндістан.
Араб, башқұрт, қызылбастан
Переводчик түрік, ноғай.

Солармен кірісіп сөзге,
Жоғары ой-мақсұтым өзге.
Түсіп сәуле соқыр көзге,
Ауыр тұман ашылуы-ай!

Ол ойға көп керек тармак,
Әр тілден словарь алмақ.
Сынап нағызына нанбак,
Наданга болмады-ау оңай.

Сол ойды бес жыл жаздым,
Арыздым, шаршадым, аздым.
Инемен көп құдық қаздым,
Сырым, ойым, жайым сондай.

Неден бармын? Не қылған жен?
Жоғала ма жан өлген соң?
Бұл үш ойды елемеген
Талап, ойсыз, есеп бәнгі-ай!

1918

БҮЛ ӘН БҰРЫНҒЫ ӘННЕҢ ӨЗГЕРЕК

Асықтай, баллең, Не спеша, спокойно $\text{J} = 69$

Бұл ән-
-нең бұ-
-рын-
-жан нүр-

ры ән- нен өз- ге- рек, бұ-
лы бол- са жен- дел- мек, е-

ған үй- қас-ты ө- лен сөз хе-
лен ән- са г(е)елшеп айт- са ек- дел-

рек ө-зг- не о-рай- лы. Де-
мек, үй-қас- са қо-лай- лы.

Жылдамдата. Ускоряя

лы. ән-әл- ше- уш, ө-лең - кү- міс,

қос- па- қызы мыс а- ра- лас.

Ар- тық а- лу, не кем са- лу,



Бұл ән
 Бұрынғы эннен өзгерек,
 Бұған
 Үйқасты өлең сөз керек
 Өзіне орайлы.

Денен
 Жан нүрлі болса жәнделмек,
 Өлең
 Әнге өлшеп айтса, өнделмек,
 Үйқасса қолайлы.

Ән — өлшеуіш,
 Өлең — күміс,
 Қоспаңыз мыс
 Арасынан
 Артық алу,
 Не кем салу,
 Қарпі қалу
 Жарамас.

Ауыр
 Осы әнге тауып сөз салмақ,
 Тәуір,
 Татымды үйқас жиналмақ
 Тереңнен толғанып.

Сырын
 Бұл әннің айтып қарайын,
 Тұрғын
 Сипаттап тізіп санайын,
 Өлең тап ойланып.

Буыны — сегіз,
 Алтау — егіз,
 Үшем деңіз
 Екеуді,
 Кім дәл басты,
 Кілтін ашты,
 Жақсы үйқасты
 Нешеуі?

Қайран
Қайғысыз, қамсыз күндерім,
Сайран
Сауықты, рақат түндерім,
Сендерден не пайдада?

Асқан
Алпыстан мынау жасымыз,
Қашқан
Шалдыққан гаріп басымыз,
Қаласың қай сайдада?

Нокталы бас,
Ағызып жас,
Қызусыз мас
Желіксіз,
Хаққа көніп,
Жалын сөніп,
Көрге төніп
Еріксіз.

Жастық
Жалынсам және келер ме,
Мастық
Денеме қызу берер ме?
Суынған тұла бой.

Маган
Қарама, көнілім, мұңдайып,
Саған
Жеткізбес кеткен ол гайып
Жас өмір, өткен той.
Бұл алпысты,
Тұскен тісті,
Тозған тұсті
Жасымда,
Сөгуші едім,
Опық жедім,
Бәрі менің
Басымда.

Тағдыр
Адамды айдап туғызбақ,
Әрбір
Сүйгенін нәспі құғызбақ —
Өмірдің жолы бұл.

Жақсы
Нәпсісін өзі билемек,
Тапшы
Наданды нәпсі сүйремек,
Мақтанаға болып құл.

Ата- анасы
Айналасы,
Замандасы
 Қылған іс,
Тәлім берер,
Соған ерер,
Тағы келер
 -
 Бір туыс.

1925

ЖАҢА ОЙДАН ШЫГАРҒАН БІР БӨЛЕК БҮЛ ӘН

Баяу. Медленно $\text{♩} = 92$

Жаңа(а)ой-дан шы- гар- ган бір бе-
лек бүл ән. Жақ-с(ы)ғын-д , ұ- ғым-
ды жас ке- рек бү- ған.
Тол- га, шыр- қа, бай- қап, жас жү-рек,
ән- ши-лер-ден сол ти- лек.

Марш екпенніде. Маршобразно

Сор- га-лат, жор- га-лат, мұң-дан- ды-рыл,
та- мыл- жы- тып сал.



Жана ойдан

Шығарған

Бір белек бұл ән.

Жақсы үнді,

Ұғымды

Жас керек бұған.

Толға, шырқа, байқап, жас жүрек,
Әншілерден сол тілек.

Сорғалат,

Жорғалат,

Мұндандырып, тамылжытып сал.

Бойды еріт,

Ой кеніт,

Әсер беріп, тыңшы жанын билеп ал!

Бос айгай,

Құр ойбай

Ән деме, ойла.

Тұз-дәмсіз,

Тұк нәрсіз

Ас жеме тойда.

Жасық әннен қандай пайда бар,

Болмас әнде тәтті нәр!

Ұйқасты,

Сипатты

Ішкі сырлы жырынды әнге қос.

Сөзі жан,

Әні тән

Жарасымды болса тыңдар оны дос.

Жыршылар

Ән салар

Толғанып ойдан.

Мұңды зар,

Қозғалар

Байқалып бойдан.

Жанынан бір майда сыр шыгар,

Сезімі ояу оны үғар.

Тіл билеп,

Ән күйлеп,

Суреттесе өмір жайын ән.

Мұндаратса,

Шырқатса

Ентесесе, оянбай ма жан!

1926

ЖАҢА ОЙДАН ШЫГАРҒАН БІР БӨЛЕК БҮЛ ӘН

Герек оймен. Вдумчиво $J=72$



Көтерікі .Шырқата. С подъемом



Жылдамдата. Ускоряя $J=104$





**Жаңа ойдан
Шығарған**

Бір бөлек бұл ән.

Жақсы үнді,

Ұғымды

Жас керек бұған.

Толға, шырқа, байқап, жас жүрек,
Әншілерден сол тілек.

Сорғалат,

Жорғалат,

Мұндаандырып, тамылжытып сал.

Бойды еріт,

Ой кеңіт,

Әсер беріп, тыңшы жанын билеп ал!

Бос айгай,

Құр ойбай

Ән деме, ойла.

Тұз-дәмсіз,

Тұқ нәрсіз

Ас жеме тойда.

Жасық әннен қандай пайда бар,

Болмас әнде тәтті нәр!

Үйкасты,

Сипатты

Ішкі сырлы жырынды әнге қос.

Сөзі жан,

Әні тән

Жарасымды болса тыңдар оны дос.

Жыршылар

Ән салар

Толғанып ойдан.

**Мұнды зар,
Қозғалар**

Байқалып бойдан.

Жаныңнан бір майда сыр шыгар,
Сезімі ояу оны үғар.

**Тіл билеп,
Ән күйлеп,**

Суреттесе өмір жайын ән.

**Мұндаратса,
Шырқатса**

Ентелесе, оянбай ма жан!

1926

ҚОРҚЫТТЫҢ САРЫНЫ

Орташа, көң үнмен. Умеренно, широко = 104

Ей, Ке- ше- гі өт- кен, ау,
Ко- быз-бен Қор-қыт, ау,

ер Қор- қыт, ке- йин- гі жан-
са-на- ган, қал- ма- ды же-

га бол-ды ұмбылт. Са-ры-нын ән деп са- ла-
рт бар-ма- ган. Мұң-дың-мен ө- мэр су-рет-

йын, ескі(1) ау- ез де- мей қу- лақ,
теп, осы(2) а-ни со- ган ар- на-

тұт, ақ- ғар-май кет- пе а-рын-
ған а- шу- лы, зер- лы са-рын-

мен. мен! Қор- қыт тү- бі тү- рік, қал-

мах, ой- ы - ө- мир мен

ө- лим жай- ын ән- ге дәл сал-

мак.
 Ол əн ə- я- ғын
 сез- сіз са-рын- мен, шер
 тар - қа - тыл- ты зар- лап.

Кешегі еткен ер Қорқыт,
 Кейінгі жанға болды ұмыт.
 Сарының соңың салайын,
 Ескі әуез демей құлақ тут,
 Аңғармай кетпе арынмен.

Қобызбен Қорқыт сарнаган,
 Қалмады жері бармаган,
 Мүнді әнмен өмір суреттеп,
 Осы әнін соған арнаған,
 Ашулы, зарлы сарынмен!

Қорқыт түбі түрік, қалмақ,
 Ойы — өмір мен өлім жайын
 әнге дәл салмак.
 Ол ән аяғын сөзсіз сарынмен,
 Шер тарқатыпты зарлап.

Басында жырмен бастаған,
 Екі рет жырлап тастаған,
 Аяғын әнмен шырқатып,
 Бір аудыз сөзлі қоспаған,
 Әсерлі үнмен толғаған.

Сол әнді ойым ұнады,
Зарласам көзілім тынады,
Сарынға өлең салдым мен,
Түп-түгел сөз боп шығады,
Көрінді түзу сол маған.

Жасқа ұнамайды сарын,
Қайдан біледі ол кәрілерде
Не сырлы ой барын.
Жат құлағына жастың мұндаі ән,
Ол сезе алар ма нәрін?

Бұл әнге өлең салғаным —
Бұрыннан ойдағы арманым.
Сарнайтын мұны бақсы жок,
Жек көрдім ұмыт қалғанын,
Ескіден қалған бір жүрнақ.

Жакласа қойсын жастарға,
Жырлаймын ойлы достарға.
Мен өлсем, сарын жоғалар,
Қимадым көміп тастарға,
Сондықтан айтқан бұл жұмбақ.

Сарын тез жайылар бойға,
Айдап түсірер сен білмеген
 тілгі жат ойға.
Жан-бақсыларға келер сондықтан,
Жас жиылғандай тойға.

Алып кел арақ тазасын,
Денеме нұры тарасын.
Ұйқыдан әбден оянып,
Жаралы жүрек жамасын,
Мас болмай кірмес ақылым.

Қай-қайдан қозғал, жындарым,
Тауып кел істің шындарын.
Хақиқат айтсам адамға,
Білмеймін кімнің тындарын?
Сынайын теріс, мақұлын.

Бері кел, татсыз асыл айнам,
Білдір анығын, не хақиқат,
Не жөн, не пайдам?
Сал тұра жолға мені, жетекшім,
Бұл — сынасатын майдан!

Бақсымын жырлап, сарнаған,
Денем жоқ әсер бармаған.
Мидағы жыным, түгел кел,
Хақиқат іске ариған,
Басайын қобыз пернесін!

Монтаны талай мұндар бар,
Нәпсіге ерген сүмдар бар.
Адамды аңша аулатқан,
Алдамшы, арсыз жандар бар,
Ондайлар маган келмесін.

Ол — жәдігейлер жайтан,
Ойды улатып, көзді байлап,
Жүрген қу сайтан.
Ал жын айтып тұр жанның
бар сырнын,
Сол хақиқатты айтам.

1929

ҚОРҚЫТ, ХОЖА ХАФИЗ

ТҮСІМЕ ЕНДІ ДЕ

Орташа екплимен. Умеренно $\frac{92}{3}$

Кор-кыт, Хо-жа Ха-физ тү-си-
ме ен-ди де, ос(ы) эн-и-не
са-лып кел-ді де, ол үш қай-та-ра
мұ-ны сей-ра-тып, де-ді: "Ке-ке-йт-на
ен-ді ме? Бұл ән-ге мы-
нау жыр-ды сал, а-ни мен се-
зін ү-ғыл ал! Ой-ың-
мен қош-та-сар мез-гі-лік та-яу.



Корқыт, Хожа Хафиз тусіме енді де,
Осы әніне салып келді де,
Үш қайтара мұны сайратып,
Деді: «Кекейіңе енді ме?
Бұл әнгे мынау жырды сал,
Әні мен сөзін үгып ал!
Ойыңмен қоштасар
Мезгілің таяу.
Жыр жазбасан, тартар ой
Күннен күнге жалқауланып баяу».

— Қайран терең ойым, қартайып тоздың ба?
Еріншек боп бүйда создың ба?
— Сен барша адамнан озам деуші едің,
Мынау кәрілкітен оздың ба?
Осымен токта жығылмай,
Сыймайтын жерге тығылмай,
Есті жи, тозды ми,
Байқа да сақтан,
Іздегенің болмаса,
Атак алмақ — аскандық пен мақтан.

Ойдың жауабы осы бұл сөзге қайырган:
— Өлім жоқ қой әзір айырган!
Мен еріншек боп әлі тозғам жоқ,
Кеміп бүрынғы өткен жайымнан.
— Қартайып тозған бой, денен...
— Айрылман өлмей мен сенен!
Мида жоқ бұзық қан,
Ақылың таза,
Не себептен боласың
Ойды бұзып, құдер үзіп, наза!

Ойым бұл сөзге:

— Тоқталып тұра алман,
Кемшілік бар сенде құралған.
Сен ұмытшақ боп, жалқау тартқансын,
Қайтіп құтыласың бұлардан?!
Мойында тозған сынынды,
Жоқтама өткен күнінді!
Сары су мига кеп
Ақ тамыр жақтан,
Сала ма деп корқамын
Аяғыңа ашылмас қакпан.

Өзің жас кезінде әр іске алаңдап,
Біріне мақтап, бірін жамандап,
Бұл ұмытшақты бойға жигансын,
Тастап шыдамадың табандап.
Еріншек — ескі жолдасын,
Демедің бойда болмасын.
Сол әдет жүр әлі
Артыннан қалмай.
Кәрлікке жабасын,
Арт жағыңа назарынды салмай.

— Бұзық адамдарды ақ жолға салуға,
Кияннatty көрге жабуға
Мен ақыл мен ойды жұмсаушы ем,
Талай киын істі табуға.
Шалғыншы ойым ақылға,
Ақылым тоқтап мақұлға,
Толғанып, сынға алып,
Танығын тастап,
Анықталған хақиқат
Тура жолға салушы еді-ау бастап.

Қош бол, терең ойым алемді шарлаған,
Қыын іске әдейі арнаған.
Бар дене сезім таппас жұмбактың
Толғап, талай сырын барлаған.
Ақылға әкеп сыннатқан,
Дүрысын ақыл үнатқан.
Қайран ой, қайран ми,
Қоштастым жылап,
Кешікпей-ақ қалар деп
Орын қылған сауыттарың құлап!..

10 февраль 1931

ҚОРҚЫТ, ХОЖА ХАФИЗ

ТҮСІМЕ ЕНДІ ДЕ

Мұнды, Печально $J=88$

Коркыт, хожа хазиз

ты - си - ме ен - ді де, о - сы эни - не

са - лып кел - ді де, ол

үш қай - та - ра мұ - ны сай - ра -

тип, де - ді : Гаяулата, Замедляя

кө - кей - ің - е

ен - ді ме? Бұл ән -

ге мы - нау жырды сал,

ә - ни мен се - зин, ау,

Баяулатып, сзылта, З-

у-ғып ал! Ой-ың- мен қош- та-
сар мез- ги- лиң та- яу.

Жыр жаз- ба- саң, тар-тар ой күн-нен күн- ге
жал-қау-ла- нып, ба- яу. - - -

Корқыт, Хожа Ҳафиз түсіме енді де,
Осы әніне салып келді де,
Үш қайтара мұны сайдратып,
Деді: «Қекейіңе енді ме?
Бұл әнге мынау жырды сал,
Әні мен сезін үғып ал!
Ойыңмен коштасар
Мезгілін таяу.
Жыр жазбасаң, тартар ой
Күннен күнгө жалқауланып баяу».

— Қайран терең ойым, қартайып тоздың ба?
Еріншек боп бүйда создың ба?
— Сен барша адамнан озам деуші едін,
Мынау кәрілкten оздың ба?
Осымен токта жығылмай,
Сыймайтын жерге тығылмай,
Есті жи, тозды ми,
Байқа да сактан,
Іздегенің болмаса,
Атақ алмақ — асқандық пен мактан.

Ойдың жауабы осы бүл сөзге қайырған:

— Өлім жоқ қой әзір айырған!
Мен еріншек боп әлі тозғам жоқ,
Кеміп бұрынғы өткен жайымнан.
— Қартайып тозған бой, денен...
— Айрылман өлмей мен сенен!
Мида жоқ бұзық қан,
Ақылың таза,
Не себептен боласың,
Ойды бұзып, күдер үзіп, наза!

Ойым бүл сөзге:

— Тоқталып тұра алман,
Кемшілік бар сенде құралған.
Сен ұмытшақ боп, жалқау тартқансың,
Қайтіп құтыласын бұлардан?!
Мойында тозған сыныңды,
Жоқтама өткен күнінді!
Сары су миға кеп
Ақ тамыр жактан,
Сала ма деп қорқамын
Аяғыңа ашылмас қақпан.

Өзің жас кезінде әр іске алаңдап,
Бірін мақтап, бірін жамандап,
Бүл ұмытшақты бойға жигансың,
Тастап шыдамадың табандап.
Еріншек — ескі жолдасың,
Демедің бойда болмасын.
Сол әдет жүр әлі
Артынан қалмай.
Кәрілкке жабасың,
Арт жағыңа назарыңды салмай.

— Бұзық адамдарды ақ жолға салуға,
Қияннатты көрге жабуга
Мен ақыл мен ойды жұмсаушы ем,
Талай киын істі табуга.
Шалғыншы ойым ақылға,
Ақылым тоқтап мақұлға,
Толғанып, сынға алып,
Танығын тастап,
Анықталған хәқиқат
Тура жолға салушы еді-ау бастап.

Қош бол, терең ойым әлемді шарлаған,
Қын іске әдейі арнаған.
Бар дене сезім таппас жұмбактың
Толғап, талай сырын барлаған.
Ақылға әкеп сынатқан,
Дүрысын ақыл үнатқан.
Қайран ой, қайран ми,
Қоштастың жылап,
Кешікпей-ақ қалар деп
Орын қылған сауыттарың құлап!..

10 февраль 1931

АНАДАН АЛҒАШ ТУҒАНЫМДА

Орташа екпимен. Умеренно $J=96$

A- на-дан ал-ғаш тұ-ға-ным-да,
жы- ла-дым не- ге да- быс- тап.
Ки- дік- ті ке- сіп, қи- ға- нын- да,
а- нам- наң кет- тім а- лыс- тап.

Анадан алғаш тұғанымда,
Жылдым неге дабыстап.
Кіндікті кесіп қиганында,
Анамнан кеттім алыстап.

Ақ бүйымға орап алғанында,
Құндаққа қойды таңып сап.
Жып-жылы суга салғанында,
Денемді әбден арулап.

Емуді кайдан үйрендім тап,
Емшектен сүтті сорғанда.
Кіп-кішке неге күлдім ұнап,
Үш айлық бала болғанда?

Бір тұнде жылап, дамыл бермей,
Ояттым неге анамды?
Емізген оны қын көрмей.
Алды гой демей мазамды.

Ақ сүтке әбден тойғанымда,
Аштықты ұмыттым анықтап.
Жылауды мүлде койғанымда,
Үйқыда құлдім шалықтап.

Туғанда кейіп, жыладым мен,
Сездім бе өмір сырларын?
Өмірді сүйіп, ұнадым мен,
Білдім бе мұндай қыларын.

Аспанда көрдім жұлдыз бен ай,
Ер жетсем дедім: соны алам.
Ата-ана қалды аһ ұрып, дариға-ай,
Күн болды жер мен ата-анам.

Жылылық, жарық нұрын беріп,
Сездірген атам — Күн шебер.
Балына қосып уын беріп,
Өсірген анам — қара Жер.

Кіндікті кесіп тастамағы —
Жас өмір сүйтіп қылған.
Ақ бүйымға орай бастағаны —
Кебінің сондай бүйымнан.

Қыстап салса құндағына,
Кіретін көрге ұқсамақ.
Тағдыр жок өлмей түрмагыңа,
Өмірді өлім түсамақ.

Алдауға құліп, қуанганың —
Алданып өтпек адам ол.
Ашиғып емсе, ұанганың —
Өмірде көрмек ісің сол.

Енбекке шыда ебін тап та,
«Сабырдың түбі — сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі — өз халқын.

Ынсан пен мейірім, әділетті,
Жанындей, көріп, жан сакта.
Ол жолда өлсек, неміз кетті,
Максутқа жетпей қалсақ та.

СҮРАГАН ЖАНГА СӘЛЕМ АЙТ

Журдек. Оживленно $J=116$

The musical score consists of eight staves of music. The first staff starts with a dynamic *mf*. The lyrics are: Су-ра-ган жан-га са-лем айт,. The second staff starts with a dynamic *f*. The lyrics are: біз-дән кей-ін қал-ған. The third staff starts with a dynamic *mf*. The lyrics are: Те-зіг-рек деп түр үй-ге қайт,. The fourth staff starts with a dynamic *f*. The lyrics are: е-лім де-ген бал-уан. The fifth staff starts with a dynamic *f*. The lyrics are: Жар-дың нұ-рын жар-кы-ра-тып,. The sixth staff continues the melody. The lyrics are: сал-дым ел-дің ал-ды-на. The seventh staff starts with a dynamic *mf*. The lyrics are: Мал е-мес деп кет-ті ша-тып,. The eighth staff continues the melody. The lyrics are: бол-ма-ды жан ал-ған.

Сұраган жанға сәлем айт,
Бізден кейін қалған.
Тезірек деп түр үйге қайт,
Өлім деген балуан.
Жардың нұрын жарқыратып,
Салдым елдің алдына.
Мал емес деп кетті шатып,
Болмады жан алған.

Өзімді сөкті достарым,
Айтасың деп жалған.
Кезі бар, миы бостарым,
Нұр алмады жардан.
Сүйтсем олар керен, соқыр,
Көз дегенім — кара су.
Құлагы тас, үкпай түр,
Жүргі мұз, қардан.

Айуанға алтын сатам деп,
Айландым мен ақымақ.
Бірі шөп, бірі жемтік жеп,
Кетті алтынды таптап.
Сопы кетті мешіт жаққа,
Тура жолдан адасып.
Кіріп кеттім мен кабакқа,
Таза арақты мақтап.

Арамнан азық жегенді,
Ала алмадым актап.
Түсем отқа дегенді,
Қала алмадым сақтап.
Бірі етімді, бірі түкті,
Талап өңкей айуан.
Қыуп шықты, көрге тықты,
Өлтірді екі жақтап.

Қызырдың мәңгі сулары —
Алдап айтқан айлан.
Жарымның ерін дымдары —
Жан беретін пайдам.
Мас болып ап тепкенімде,
Ескі дүние жоқ болар.
Мен айықсам бар боп мұлде
Алдап түр ол қайдан?

Өмірден мақсат — хақиқат,
Соны іздең алмақ.
Нәпсіге еріп, болма шат,
Ол сені отқа салмақ.
Өмір түбі — өлім болса,
Мейлің жыла, мейлің күл.
Мың жыл саған қыдыр қонса,
Ол суалып қалмақ.

1929

ОЙЛАДЫМ БІР СӨЗ ЖАЗАЙЫН Да

Асықтай, жайлап. Медленно $\text{J} = 100$

The musical score consists of five staves of music for a single voice. The tempo is indicated as 'Медленно J = 100'. The lyrics are written below each staff, corresponding to the notes. Measure groupings are marked with brackets above the staff, each containing three measures.

Staff 1: Ой-ла-дым бір сөз жа-зайын
да,

Staff 2: Бай-қош-қар-да-ғы а-ғай-ын-

Staff 3: ға, мен өл-сем қой-сын деп бы-лай.

Staff 4: Ке-бг-нім бол-сын кей-лек, дам-

Staff 5: бал, ба-сы-ма о-рап ақ о-ра-

Staff 6: мал, а-яқ-қа шүл-ғау сал о-рай.

Ойладым бір сөз жазайын да,
Байқошқардағы ағайынға,
Мен өлсем қойсын деп былай.

Кебінім болсын кейлек, дамбал,
Басыма орап ақ орамал,
Аяққа шүлғау сал орай.

Бұлактан арман белгі бар,
Ренжімей сонан көр қазындар,
Терендей барып, лахаттай.

Апармай елге, көміп мұнда,
Мінерлік атым түр осында,
Бірің шық елге барғандай.

Сәлемім — елден кешу сұрап,
Жалынып, тілеп, кеттім жылап,
Жақын деп, жат деп талғамай.

Артымнан аят, дүға қылсын,
Елсізде өттім, ойлай жүрсін,
Алғысын айтсын, қарғамай.

Өмірге жок қой құмарым да,
Жетпіс үш жасқа шыгарымда,
Айналды-ау өмір арбадай.

Айтқамын, өлсем жылама деп,
Туган жан өлмей тұра ма деп,
Жер кояр кімді жалмамай.

Өкініш емес өлім маган,
Өткізіп қолдан қоштаспаған,
Жалғыздық — осы арман-ай!

Ішімді жалын қаптаганы-ай,
Шыбын жан тыныш жатпағаны-ай,
Қапыда дерттің шалғаны-ай!

Жардемші ешкім жанымда жок,
Басымды сүйер жарым да жок,
Жалғыздықта өткен жалған-ай!..

ОЙЛАДЫМ БІР СӨЗ ЖАЗАЙЫН Да

Ортаса. Умеренно $\text{J} = 88$

Oй-ла-ды-м 3 бір сө-з жа-за-йы-н да,

Бай-қош-3 қар-да-ғы а-ғай-3 ын-ға,

мен өл-сем қой-3 сын деп бы-3 лай.

Ке-3 бт-нім бол-3 сын кей-3 лек, дам-3 бал,

ба-3 сы-ма о-3 рап ақ о-3 ра-мал,

а(я)к-3 қа шүл-3 гау сал о-3рай.

Ойладым бір жазайын да,
Байқошқардағы ағайынға,
Мен өлсем қойсын деп былай.

Кебінім болсын кейлек, дамбал,
Басыма орап ақ орамал,
Аякка шүлғау сал орай.

Бұлактан арман белгі бар,
Ренжімей сонан көр қазындар,
Терендей барып, лахаттай.

Апармай елге, көміп мұнда,
Мінерлік атым түр осында,
Бірің шық елге барғандай.

Салемім — елден кешу сұрап,
Жалынып, тілеп, кеттім жылап,
Жақын деп, жат деп талғамай.

Артымнан аят, дүға қылсын,
Елсізде өттім, ойлай жұрсін,
Алғысын айтсын, қарғамай.

Өмірге жок қой құмарым да,
Жетпіс үш жасқа шыгарымда,
Айналды-ау өмір арбадай.

Айтқамын, өлсем жылама деп,
Тұған жан өлмей тұра ма деп,
Жер кояр кімді жалмамай.

Өкініш емес өлім маган,
Өткізіп қолдан қоштаспаған,
Жалғыздық — осы арман-ай!

Ішімді жалын қаптағаны-ай,
Шыбын жан тыныш таппаганы-ай,
Қапыда дерптің шалғаны-ай!

Жәрдемші ешкім жанымда жок,
Басымды сүйер жарым да жок,
Жалғыздықта өткен жалған-ай!..

МҰТЫЛҒАННЫң* ӨМІРІ

Бірқалыпты. Ровно $J=72$

The musical score consists of six staves of music in 2/4 time, featuring a key signature of one flat. The vocal line is primarily in Russian, with some lyrics in Kazakh. The vocal range is mostly soprano. The score includes dynamic markings such as *f*, *mf*, and *p*, and measures are grouped by vertical lines. The lyrics are as follows:

Besimle o-ku bila- sin dep,
 а-таданам берд са- бақ-қа. Желті жаста же-тім бол,
 түс-кендей болдыма бақ-қа. Ардақ-ты кенже, же-тім де
 ал-пеш-те- д ме- н кеп. Наданлық- қа бол-ды сеп,
 қақ- пай еш- ким қа- бақ- қа.
 Ко-сыл-май эзге ба-ла-ға, ой-нау-шы)емжал-ғызы да-ла-да.
 А-дам-зат көнбей қала ма, тағ-дыртарт-кан та-бақ-қа.
 Күн-тун-демей ой- на-дым, ой-ынға тіл-ті той-ма-дым.

* Мұтылған-ақының псевдонимі. Құытылған магынасында.




Барған сей-ын бой- ла-ым, бу-рылмаң үй-кы, та-мақ- қа.



Он жа- сы- ма кир-гем соң,



дом-бы-ра, гармонь біл-ген соң, мыл-тық атып жүр-ген соң,



аңшы бол ту-оттм азап- қа. Өз-е-ше бол-мақ сүй-гे- нім,



о-сыған бас-ты и- ге- нім. Кин-мі бө-тен ки-ге- нім.



үқ-са-тпай о- рыс, қа-зак- қа.




Те-ле-гра-м жайын бі -лу-гө, о-ны да сынай жү-ру-гө,



бір үй-ден тарт-тым бір үй-гө, ішек- ті ке-ріл қа-дақ- қа.



Те-ле-гра-м о-лай е-мес қой, үқ-са-р м(а)-жай де-ген ой.
Баяулата. Замедляя.



Кұлақ-пене отп, жет-пек ой, тым жас- е- дим олуа- қа- та.

Бесімде оқу білсін деп,
Ата-әнам берді сабаққа.
Жеті жаста жетім боп,
Тұскендей болдым абаққа.
Ардақты кенже, жетім деп,
Әлпештеді мені көп.
Надандыққа болды сеп,
Қақпай ешкім қабаққа.

Қосылмай өзге балаға,
Ойнаушы ем жалғыз далада.
Адамзат көнбей қала ма,
Тағдыр тартқан табаққа.
Құн-тұн демей ойнадым,
Ойынға тіпті тоймадым.
Барған сайын бойладым.
Бұрылмай үйқы, тамаққа.

Он жасыма кірген сон,
Домбыра, гармонь білген сон,
Мылтық атып жүрген сон,
Аңшы боп түстім азапқа.
Өзгеше болмақ сүйгенім,
Осыған басты игенім.
Киімді бөтен кигенім,
Үқсатпай орыс, қазаққа.

Телеграм жайын білуге,
Оны да сынай жүргүре.
Бір үйден тарттым бір үйге,
Ішекті керіп қадаққа.
Телеграм олай емес қой,
Үқсар ма екен деген ой.
Құлакпен естіп, жеткен ой,
Тым жас едім ол уакта.

СЕН ФЫЛЫМГА БОЛСАҢ ҮНТЫҚ

Орташа өткізмей. Сергек
Умеренно, но с оживлением $J=92$

Сен Фы-лы-м- фа бол- саң ын- тық,
бұл сө-зім- ш әб- ден үк; біл- ге-иң- ң-
жаң-сысын қыл, біл- меген- ді бі- ле бер.

Сен ғылымга болсан ынтық,
Бұл сезімді әбден үк;
Білгеніңнің жаксысын қыл,
Білмегенді біле бер.

КӨҢІЛ

Сабырмен. Спокойно $J = 94$

The musical score consists of three staves of music for a bass voice. The lyrics are written below each staff in Kazakh. The first staff starts with 'Басын-да жас бал(а)е-дің сен, ой-ың бұ-'. The second staff continues with 'зыл-ма-ған, ко- ніл! Періш- те-ден та-са(а)е-дің'. The third staff concludes with 'сен, қия- нат қыл- ма-ған, кө- ніл!'

Басында жас бала едің сен,
Ойың бұзылмаған, көңіл!
Періштеден таза едің сен,
Қиянат қылмаған, көңіл!

Ата-анаңа махаббатың —
Бояусыз нұр, кәрәматың.
Жоғары гарыштан затың,
Анық бұл шын маган, көңіл!

БАЙФАЗЫ ^{*)}

В темпе марша. Марш октавнілде $J = 120$

The musical score consists of six staves of music. The first staff starts with a dynamic *mf*. The lyrics are: Ке-йт- ме, кә-рі жан, е- мі- рік. The second staff continues with the lyrics: тоz- фан-ға, о- я- нып үй- қы-да- н, with a measure containing three eighth notes above the staff. The third staff begins with a dynamic *f*. The lyrics are: эн- ге сал қоз-ғал да. Жа- ңа. The fourth staff continues with the lyrics: ти- лек, жа- рық таң- - - - - . The fifth staff continues with the lyrics: ат- ты, мі- не, е- е, бай- ға- зы. The sixth staff concludes with the lyrics: қа- да- йық мы- нау жас жур-нал- ға.

^{*)} "Так" журналына тағы бір әнмен байфазы.

Кейіме, кәрі жан,
Өмірің тоzғанға,
Оянып үйқыдан,
әнгे сал қозғал да.

Жаңа тілек,
Жарық таң атты, міне,
Байгазы
Қадайық
Мынау жас журналға.

Аямай ақшасын
Оқысын азамат,
Еш бөгет қақласын,
Жасасын саламат.
Ойлы,
Шешен,
Қаламды талаптылар,
Жан беріп көркейту —
сіздерге аманат.

ТҮСІНІКТЕР

1. Жиырма үш жасымда (Шын сырым). 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 1997.
2. Жылым — қой, жұлдызым — июль. 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 1996.
3. Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек. 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 2002.
4. Жаңа ойдан шығарған бір бөлек ән. 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындаудынан жазылып алынды. 33-кассета, № 661.
5. Жаңа ойдан шығарған бір бөлек ән. 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 93-кассета, № 2003.
6. Қорқыттың сарыны. 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 33-кассета, № 662.
7. Қорқыт, Хожа Ҳафиз түсіме енді де. 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 33-кассета, № 657.
8. Қорқыт, Хожа Ҳафиз түсіме енді де. 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 1978.
9. Анадан алғаш тұғанымда. 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 33-кассета, № 658.
10. Сұраған жанға сәлем айт. 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 2000.
11. Ойладым бір сез жазайын да. Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 32-кассета, № 660.
12. Ойладым бір сез жазайын да. 1965 жылы Қабыш

Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды.
93-кассета, № 2004.

13. **Мұтылғанның өмірі.** 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 2001.

14. **Сен ғылымға болсаң ынтық.** 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 33-кассета, № 663.

15. **Көніл.** 1959 жылы Ахат Құдайбердиевтің орындауы бойынша жазылып алынды. 33-кассета, № 659.

16. **Байғазы.** 1965 жылы Қабыш Керімқұловтың орындауы бойынша жазылып алынды. 92-кассета, № 1970. Бұл әнді нотага түсірген К. Төленов.

ПРИМЕЧАНИЯ

1. **Жиырма уш жасымда.** (Шын сырым). Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 1997.
2. **Жылым — кой, жулдызым — июль.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 1996.
3. **Бул ан бурынгы аннен озгерек.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 2002.
4. **Жана ойдан шыгарган бир болек бул ан.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 661.
5. **Жана ойдан шыгарган бир болек бул ан.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 93, № 2003.
6. **Коркыттын сарыны.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 662.
7. **Коркыт, Жожа Хафиз тусиме енди де.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 657.
8. **Коркыт, Жожа Хафиз тусиме енди де.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 1978.
9. **Анадан алгаш туганымда.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 658.
10. **Сураган жангы салем айт.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 2000.
11. **Ойладым бир соз жазайын да.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 660.
12. **Ойладым бир соз жазайын да.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 93, № 2004.
13. **Мутылганнын омири.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 2001.
14. **Сен гылымга болсан ынтык.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 663.
15. **Конил.** Записано от Ахата Кудайбердиева в 1959 году. Кассета 33, № 659.
16. **Байгазы.** Записано от Кабыша Керимкулова в 1965 году. Кассета 92, № 1970. Нотировка Туленова К.

МАЗМУНЫ — СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сез	3
Композитор Шәкәрім Құдайбердиев	5
Предисловие	17
Шакарим (Шахкарим) Худайбердиев	18

Әндер — Песни

Жастиқ	25
Шын сырым	27
Ажалсыз әскер	31
Насихат	33
Жылым — қой, жүлдышым — июль	34
Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек	37
Жаңа ойдан шыгарған бір болек бұл ән	41
«Таң» журналына жаңа әнмен байғазы	43
Корқыттың сарыны	44
Корқыт, Хожа Ҳафиз түсіме енді де	48
Ойдан шыгарған бар түрлі әндерім	51
Анадан алғаш тұғанымда	52
Кетермін, артымда сез, әнім қалар	54
Тыныштық жоқ, тыным жоқ	56
Сураған жаңга сәлем айт	58
Ойладым бір сез жазайын да	60
Еңлік — Кебек (I түрі)	62
Еңлік — Кебек (II түрі)	64
Еңлік — Кебек (III түрі)	65
Еңлік — Кебек (IV түрі)	67
Ләйлі — Мәжнүн (I түрі)	69
Ләйлі — Мәжнүн (II түрі)	70
Қалқаман — Мамыр	71
Дубровский	72
Түсініктер	73
Примечания	75

Қосымша — Приложение

Жиырма үш жасымда (Шын сырым)	79
Жылым — қой, жұлдызым — июль	83
Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек	86
Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән	90
Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән	93
Қорқыттың сарыны	96
Қорқыт, Хожа Ҳафиз тұсіме енді де	100
Қорқыт, Хожа Ҳафиз тұсіме енді де	103
Анадан алғаш тұганымда	107
Сұраған жаңға сәлем айт	109
Ойладым бір сөз жазайын да	112
Ойладым бір сөз жазайын да	114
Мұтылғанның өмірі	116
Сен ғылымға болсаң ынтық	119
Көңіл	120
Байгазы	121
Тұсініктер	123
Примечания	125

Шакарим Кудайбердиев

МОЙ ЗАВЕТ

Песни

(на казахском и русском языках)

Составление Т. Бекхожиной

Редактор А. Нурбаев

Лит. редакторы Б. Хаббина, М. Арсынбаева

Нотографик С. Ахметова

Художник У. Тлеулиев

Худож. редактор С. Бахретдинов

Техн. редактор А. Токмурзина

Корректоры К. Аймакина, А. Курмангожина

ИБ № 711

Сдано в набор 14.06.89. Подписано к печати 8.12.89. УГ 14117. Формат 70×90¹/32. Офсетная печать. Гарнитура «Тип-Таймс». Усл. п. л. 4,68. Уч-изд. л. 4,95. Тираж 20 000 экз. Заказ 4769. Цена в переплете из коленкора 60 коп, в переплите из бумамила 50 коп.

Издательство «Фнер» Государственного комитета Казахской ССР по печати, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по печати, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



//